



ПАРЛАМЕНТТІК ДИПЛОМАТИЯНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Нуман Куртулмушты қабылдады. Кездесуде Қазақстан мен Түркияның кеңейтілген стратегиялық серіктестігін одан әрі нығайту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы парламенттік дипломатияның әлеуетін жоғары бағалайтынын атап өтіп, Түркия Ұлттық Мәжілісі төрағасының Қазақстанға сапарының мәні зор екеніне назар аударды.

— Бүгінгі кездесу Достық және ынтымақтастық туралы келісімнің 30 жылдығы қарсаңында өтіп жатыр. Мұның символдық мәні бар. Жақында ғана әріптесім Режеп беймен телефон арқылы сөйлестім. Біз үнемі хабарласып отырамыз. Сондықтан екі ел арасындағы диалог өте жақсы дамып келе жатыр. Жалпы, Түркия — Қазақстанның ең ірі бес сауда серіктесінің бірі. Сонымен қатар басты 10 инвестордың қатарына кіреді. Былтыр екіжақты сауда-саттық көлемі 6 миллиард долларға жетті. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды. Қарым-қатынасымыздың әлеуеті өте зор. Сондықтан келешекте өзара сауда айналымы 10 миллиард долларға жететініне ешқандай күмәніміз жоқ, — деді Президент.

Өз кезегінде Нуман Куртулмуш атажұртта түрік делегациясына көрсетілген сый-құрмет үшін ризашылығын білдірді.

— Қазақстан — біздің атажұртымыз әрі түркі халқына ортақ рухани тұлға Қожа Ахмет Ясауидің отаны. Біз Түркістан қаласына жол жүріп, қасиетті

орындарға зиярат етеміз және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Қазақ-Түрік халықаралық университетінде конференция өткіземіз. Қазақстан Сіздің басшылығыңызбен дамудың жаңа кезеңіне кадам басты. Еліңізде табысты саяси-экономикалық, әлеуметтік реформалар жүріп жатыр. Мұның бәрі Қазақстанның өркендеуіне оң ықпалын тигізеді деп ойлаймын. Алдағы уақытта Түркия мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық одан әрі нығая түсетініне сенімдімін. Екі елдің сауда, технология, өнеркәсіп, логистика, энергетика және ауыл шаруашылығы салаларындағы әлеуеті зор, — деді Түркия Ұлттық Мәжілісінің төрағасы.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Нуман Куртулмуш екі елдің халықаралық ұйымдар аясындағы ықпалдастығын күшейту және Түркі мемлекеттері ұйымына мүше бауырлас елдердің өзара ынтымағын нығайту жөнінде пікір алмасты. Сондай-ақ Түркия елінің басшылығымен алдағы кезеңге жоспарланған жоғары деңгейдегі кездесулер пысықталды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы түрік спортшылары мен делегациясы биыл қыркүйек айында Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына белсенді қатысатынына сенім білдірді.

ЕКІ ЕЛ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Мемлекеттік кеңесінің мүшесі, Сыртқы істер министрі Ван Иді қабылдады.



Кездесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай дипломатиясының әлемдік саясатта аса маңызды рөл атқаратынына тоқталды. Оның айтуынша, Қытайдың бастамалары жаһандық күн тәртібіне ықпал етеді және халықаралық бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға елеулі үлес қосады. Мемлекет басшысы Қытайды тауар өндіру және экспорттау, технологиялық инновация, экономикалық өсім, халықаралық инвестиция және басқа да көптеген салада мойындалған көшбасшы ел ретінде атап өтті.

Сонымен қатар Президент БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШ сияқты халықаралық ұйымдар аясындағы қазақ-қытай қатынастарына жоғары баға берді.

— Қазақстан Қытайдың сенімді серіктесі және солай болып қала береді. Бұған дейін қол жеткізіл-

ген уағдаластықтарды жүзеге асыру үшін қолдан келгенін бәрін жасаймыз. Шын мәнінде, екі ел арасындағы байланыстар мен ынтымақтастықтың болашағы зор, — деді Президент.

Министр Ван И қазақ жерінде құрмет көрсеткені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің ізгі тілегін жеткізді.

Бұдан бөлек, кездесуде сауда-экономикалық, энергетикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ықпалдастықты одан әрі нығайту перспективалары, сондай-ақ үкіметаралық қатынастарды кеңейту мүмкіндіктері талқыланды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинге сәлемін жолдап, оның Астанаға жасайтын алдағы мемлекеттік сапарына үлкен үміт артатынын жеткізді.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің отырысына қатысу үшін Астанаға келген Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрі Сергей Лавровты қабылдады.



Мемлекет басшысы Ресей дипломатына ілтипат білдіре отырып, екі елдің қатынастары

стратегиялық серіктестік және одақтастық рухында қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

Кездесу барысында сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі нығайту және инвестициялық-өнеркәсіптік кооперацияны ілгерілету мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды толыққанды жүзеге асырудың маңызы зор екенін айтты. Оның пікірінше, барлық тапсырма стратегиялық сипатқа ие және екі ел арасындағы көпқырлы байланыстарды айтарлықтай нығайтуға бағытталған.

Сонымен қатар кездесуде өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер, сондай-ақ көпжақты форматтағы және интеграциялық бірлестіктер аясындағы өзара іс-қимылдар талқыланды.

БАЛАМА ҚУАТ БАҚУАТТЫ ӨМІРГЕ БАСТАЙДЫ



«Жасыл энергетика» дегенде жұрттың көпшілігінің көз алдына желден қуат өндіретін алып, аппақ қалақшалар немесе аптап ыстықта қызатын күн панельдері елестейді. Шынында, бұл ұғымның мәні терең, маңызы зор. Дүниежүзілік банк тобы елімізге арнаған «Келер күнді құру: ұзақмерзімді өркендеуге бағытталған реформалар» атты таяудағы көлемді есебінде жасыл энергетикасыз Қазақстанның озық дамыған елге айналып, өркендеудің келесі сатысына көтеріле алмайтынын қадап айтты.

Міне, сондықтан бұл салаға Қазақстан Президентінің өзі баса назар аударып, әр мінберден мәселе көтеріп келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты соңғы Жолдауында «жасыл» қуат көздеріне жеке тоқталды.

— Біз «жасыл» экономиканы дамыту мәселесімен мықтап айналысуымыз керек. Болашақта бүкіл әлем таза энергетикаға көшеді. Халықаралық

сарашшылардың мәліметінше, әлемдегі күрделі қаржы салымдарының үштен біріне жуығы жанар-тылатын энергетика жобаларының еншісінде. Қазақстанда бұл бағытта көп жұмыс атқарылды. Жана Экология кодексі, Көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің 2060 жылға дейінгі стратегиясы қабылданды, — деді Мемлекет басшысы.

(Жалғасы 4-бетте)



КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Иран Президенті Ибрахим Раисидің қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасының Президенті Ибрахим Раиси мен үкіметтік делегация мүшелерінің Шығыс Әзербайжан провинциясында тікұшақ апаты салдарынан қайтыс болуына байланысты Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан осы елдің Жоғары лидері Әли Хаменеи мен Бірінші Вице-Президенті Мохаммад Мохберге және барша Иран халқына көңіл айтты.

— Тікұшақ апаты салдарынан Иран Ислам Республикасының Президенті Ибрахим Раиси мен оның сенімді серіктерінің қайтыс болғаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабыл алдым. Ибрахим Раиси — Иран мемлекеті мен халқының әл-ауқатын арттыруға, мүддесінің мұқалмауына, аймақтағы тұрақтылықты сақтауға өз өмірін риясыз арнаған көрнекті мемлекет қайраткері. Оның қолға алған бастамалары мен жетістіктері халықаралық қауымдастық тарапынан жоғары бағаланғаны баршаға мәлім. Қазақстандықтар Ибрахим Раисидің парасатты басшы, халықаралық деңгейдегі беделді саясаткер, екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға зор еңбек сіңірген тұлға ретінде әрдайым есінде сақтайды. Марқұмдардың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын, — деп жазылған жеделхатта.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАР ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАСЫН



5
БЕТ

Елімізде соңғы жылдары ерекше қажеттілігі бар балалар саны артып барады. Өкінішке қарай, олардың денсаулығы, өмір сүру сапасы алаңдатарлық жағдайда.

ҚАЗАҚША ДУБЛЯЖДЫҢ ЖҮГІ АУЫР



6
БЕТ

Бүгінде дубляж арқылы қазақ тілінің қолданысы кеңейді. Былтырдан бастап Ұлттық кино орталығы осы сала үшін конкурстар жариялай бастады.



МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАЙЛАНЫС ТЕРЕНДЕЙ ТҮСЕДІ

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаев Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Нуман Куртулмушпен кездесті. Онда тараптар парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайту және екі ел арасындағы стратегиялық серіктестікті кеңейту мәселелерін талқылады.

Мәулен Әшімбаев мейманға ілтипат танытып, биыл Қазақстанда болған алапат су тасқыны кезінде бауырлас Түркия елінің гуманитарлық көмек жіберіп, қолдау көрсеткені үшін алғыс білдірді.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы Түркия Қазақстанның аса маңызды стратегиялық серіктесі екенін атап өтті. Екі елдің Мемлекет басшылары арасындағы жоғары деңгейдегі қарым-қатынас Қазақстан мен Түркия ынтымақтастығын одан әрі нығайтуда маңызды рөл атқарады.

«Біздің елдеріміз арасында берік саяси диалог орнады. Экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарымыз да жан-жақты дамып келеді. Біз Түркияның Ұлы Ұлттық Мәжілісімен ынтымақтастықты дамытуға және заңнамалық бағытта тәжірибе алмасуға мүдделіміз. Парламенттердің құзыретіне жататын өзекті мәселелерді шешу жолында «Қазақстан-Түркия» парламентаралық достық топтарының әлеуетін тиімді пайдаланудың маңызы зор. Сіздің сапарыңыз парламентаралық диалогті нығайтуға және елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестікті кеңейтуге тың серпін береді деп сенеміз», — деген Мәулен Әшімбаев бүгінгі кездесу Қазақстан мен Түркия арасындағы Достық және ынтымақтастық

туралы шарттың 30 жылдығымен қатар келгеніне назар аударды.

Кездесу барысында Парламентаралық одақ, ЕҚЫҰ ПА және ТүркПА аясындағы өзара байланыстың перспективалары да талқыланды. Сондай-ақ сұхбаттасушылар бірқатар бірлескен жоба жөнінде пікір алмасты. Нақты айтқанда, сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты нығайту, көлік-логистика саласын дамыту және басқа да бағыттағы бірлескен іс-қимылды арттыру мәселелері әңгімеге арқау болды.

Бұдан бөлек, Мәулен Әшімбаев Парламенттің Қазақстан Президентінің бастамасымен іске асырылып жатқан реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету бағытындағы жұмысына тоқталды. Кездесуде Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің Съезіндегі 2023-2023 жылдарға арналған Тұжырымдамасы туралы да айтылды.

Өз кезегінде Нуман Куртулмуш Қазақстанда қолға алынған реформалардың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ ол парламентаралық ынтымақтастықты нығайту жолында атқарылып жатқан жұмыстарға және рухани дипломатияны дамыту бағытында Съезд Хатшылығы қабылдаған шараларға ерекше назар аударды.

ҚАЗАҚ-ТҮРІК ҚАТЫНАСЫ ЖАҢА БЕЛЕСКЕ КӨТЕРІЛІП КЕЛЕДІ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Қазақстанға ресми сапармен келген Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы Нуман Куртулмушпен кездесті.



Ерлан Қошанов Қазақстан мен Түркияны ғасырлар бойы ортақ рухани және мәдени құндылықтар біріктіріп келе жатқанын атап өтті.

— Екі ел басшыларының берік достығы, үндескен саясаты қазақ-түрік қарым-қатынасын жаңа белеске көтеруге ерекше қарқын беруде. Біздің президенттеріміздің тұрақты кездесулері — осының айқын дәлелі. Біз Парламент тарапынан жоғары деңгейде қол жеткізілген барлық уағдаластықты іске асыру үшін қолдан келгенін бәрін жасаймыз, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Ерлан Қошанов түрік әріптестеріне Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен елімізде жүргізіліп жатқан экономикалық, саяси реформалар туралы айтып берді. Ол бүгінде Қазақстанда мемлекеттік биліктің барлық тармағын тепеңдікте ұстайтын жаңа саяси жүйе қалыптасып келе жатқанын атап өтті.

Палата Төрағасы Мемлекет басшысының 2029 жылға қарай экономиканың екі есе өсуін көздейтін жаңа экономикалық саясаты туралы да айтты. Мәртебелі меймандарға Мәжілістің заң шығару қызметі туралы ақпарат берілді. Тараптар екі ел депутаттары достық топтарының жұмысы туралы да пікір алмасты.

Өз кезегінде Нуман Куртулмуш Түркия Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси және экономикалық реформаларын толық қолдайтынына назар аударды.

— Бұл — демократия жолындағы батыл қадамдар. Соның арқасында Қазақстанның халықаралық аренадағы беделі мен ролі нығая түседі. Халықтарымыздың арасында тығыз әрі көпқырлы байланыс орнықты. Түркия мен Қазақстан көшбасшыларын достық және шынайы қарым-қатынас байланыстырады. Мемлекеттеріміз арасындағы кенейтілген стратегиялық әріптестік алдағы уақытта да көптеген салада әлеуетті жобаларды іске асыруға септігін тигізетініне сенімдімін. Біз Парламенттің де, көпжақты парламентаралық ұйымдардың да өзара іс-әрекетін арттыруға дайынбыз, — деді Түрік Республикасы Ұлы Ұлттық Мәжілісінің төрағасы.

Кездесу барысында Мәжіліс Спикері түрік халқына су тасқыны кезінде Қазақстанға қолдау көрсеткені үшін алғысын білдірді. Сондай-ақ Түркия Республикасының 100 жылдығына орай өткен жылы Астанада Анадолы көшесі, Шымкентте Түркия даңғылы мен саябақ ашылғанын, Алматыда Мұстафа Ататүрікке ескерткіш орнатылғанын еске салды.

Жиын соңында Ерлан Қошанов Ұлы Ұлттық Мәжіліс төрағасының ресми сапары саяси диалогті нығайтып, Қазақстан мен Түркия арасындағы парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға қуатты серпін беретініне сенім білдірді.



ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІН ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНАДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев палата бюросының отырысын өткізді. Онда депутаттар 23 мамыр күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті және комитеттердің осы аптаға жоспарлаған іс-шараларын пысықтады.

Алдағы бейсенбіде сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеу және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды.

Құжатта екінші деңгейлі банктер үшін жеке тұлға әйелінің немесе күйеуінің келісімінсіз қарыз беруге тыйым салу туралы норма қарастырылған. Келісім қажет болатын кредитті алу тәртібі мен оның ең төменгі мөлшері уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде айқындалады.

Сонымен қатар палата бюросы 24 мамыр күні «Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына

Жолдауын іске асыру шеңберінде «Қазақстан Республикасында экономиканың өңдеуші секторын дамыту» тақырыбына арналған парламентаралық тыңдау өткізу туралы қаулы қабылдады.

Мәулен Әшімбаев аталған тыңдаудың маңызды өрі өзекті екеніне назар аударды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында өңдеу секторын жедел дамыту арқылы мықты өнеркәсіптік негіз қалыптастыруды тапсырған болатын. Сенат Төрағасы бұл ретте ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құру қажет екенін атап өтті.

Одан бөлек, бюро отырысында Мәжілістен келіп түскен заңдар жұмыс үшін тұрақты комитеттерге бөлініп берілді.

БАТЫР ҚҰРМЕТІНЕ СИМПОЗИУМ ӨТТІ

Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның бірінші Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовті еске алуға арналған шара Қарулы Күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында өтті.



Шараны «Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы» АҚ және «Қарулы күштер ардагерлері» РҚБ Орталық кеңесі ұйымдастырды. Симпозиумға Қорғаныс министрлігінің, ҚР Президенті архивінің, Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығының, Ұлттық қорғаныс университетінің басшылығы, Қарулы Күштердің әскери қызметшілері мен ардагерлері, Астана қаласындағы әскери колледж қалатері, «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының тәрбиеленушілері қатысты.

Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылыков қатысушыларды елімізде Сағадат Нұрмағамбетовтің мерейтойы аясында өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы хабарлар етті. Алматы қаласындағы Құрлық әскерлері әскери институтында «Әскери ант» телесериалы түсірілді. 25 мамырда оның құрметіне Ақмола облысының Ақкөл қаласында Сағадат Нұрмағамбетов атындағы ескерткіш пен сквердің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Биылғы 16-23 маусым аралығында Алматы қаласындағы Құрлық әскерлері әскери институтының «Әли» оқу-жаттығу орталығында

халық батырының құрметіне «Айбын» Х халықаралық әскери-патриоттық жастар жиыны өтті.

Генерал-полковник Руслан Жақсылыков 1-ші Түркістан пулемет әскери училищесінің түлегі Сағадат Нұрмағамбетовтің Ұлы Отан соғысы тарихындағы бірегей орнын атап өтті.

— Әскери қызметке 50 жылдан астам ғұмырын арнаған батыр соғыс жылдарын пулемет взводның командирі ретінде бастап, атқыштар батальонының командирі болып аяқтады. Ұлы Отан соғысында Кубаннан Берлинге дейінгі жолды өтті. Оның үзегілес досы, жауынгерлік серігі, офицер, соғысқа қатысушы Леонид Гириш Сағадат Нұрмағамбетовтің бүкіл соғыста майданда, оқ пен оттың арасында өткергенін айтады, — деді генерал-полковник Руслан Жақсылыков.

Шара соңы Қарулы Күштердің бірқатар ардагеріне «С.К. Нұрмағамбетовке 100 жыл» естелік белгісін табыстаумен және ҚР Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығы шығармашылық ұжымының мерекелік концертпен аяқталды.



«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫНЫҢ» ҮШІНШІ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

Павлодарда көрнекті геолог-ғалым Қ.Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған «Ұлы дала жорығы» кең ауқымды республикалық марафон-бәйгенің үшінші маусымы басталды.

Марафонның ашылу салтанатына «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек, Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов, Павлодар облысының әкімі Асайын Байханов, марафон-бәйгенің тең ұйымдастырушысы Әлібек Әлденей, JORYQ ат спорты федерациясының президенті Бақытжан Тұрлыбеков қатысты.

«AMANAT»-тың Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек партия ұлттық спорт түрлерін дамытуға, сондай-ақ мәдени және тарихи мұраны насихаттауға бағытталған бастамаларды әрдайым қолдайтынын атап өтті.

«Ұлттық спортты дамыту мәселесі әр-кез Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың назарында. Ұлттық құрылтайда Президент Қазақстан Ұлы дала көшпелі өркениетінің тікелей мұрагері саналатынын және біз өзіміздің мәдени мұрамызды қорғап, ілгерілетуіміз керек екенін атап өтті. «Ұлы дала жорығы» бәйгесі «AMANAT» партиясының қолдауымен үшінші жыл қатарынан өтіп отыр. Марафон-бәйге қазақстандықтарды біріктіретін, ұлттық рухты нығайтатын жобаға айналды. «Ұлы дала жорығы» біздің ұлттық бірегейлігімізді сақтап, ілгерілетуді деп сеніммен айтуға болады», — деді Дәулет Кәрібек.

Биыл 500 шақырымдық марафон-бәйге Павлодар — Астана бағыты бойынша болып отыр. Оған Қазақстанның әр өңірінен 19 команда қатысып жатыр.

«Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесін үшінші рет өткізіп отырмыз. Бұл — азаматтар мен арғаматардың төзімі мен ерік-жігері сынға түсетін доға. Барлық спортшымыз осы күрделі сынақтан сүрінбей өтіп, жорытқанда жолдары болсын!», —

деді марафонға қатысушыларға Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов.

Командалар бес күн бойы күніне 100 шақырым жол жүріп өтуге тиіс. Әр 50 шақырым сайын командалар мен олардың аттарына демалуға мүмкіндік беріледі. Жылқылардың жағдайын тәжірибелі ветеринарлар бақылайды. Айта кету керек, әр команданың жолға шығу уақыты әртүрлі. Бірінші команда сағат 07:00-де, келесілер екі минут аралықпен жолға шығады. Нәтижесінде, соңғы команданың сапары 07:36-да басталады. Командалардың қандай нәтижесін жарыстарына жеребе тарту барысында анықталды.

Командалар бір-бірімен жарыспайды, өйткені әрқайсының қозғалыс уақыты әртүрлі. Барлық қашықтықты ең қысқа уақытта өткізген команда жеңімпаз атанады.

Еске сала кетейік, JORYQ республикалық федерациясы Қазақстан Республикасы Ұлттық спорт қауымдастығының құрамына кіреді. Қауымдастық құрамында бұдан өзге бәйге, көкпар, аударыспақ, асық ату, садақ ату, жамбы ату, тенге ілу, күсбегілік және тағы басқа федерациялар бар. Қазақстан Республикасының Ұлттық спорт қауымдастығын белгілі кәсіпкер, меценат, Altyn Quyan Foundation қоғамдық қоры Камқоршылық кеңесінің төрағасы Исламбек Салжанов басқарады.

Айта кетейік, алғашқы 100 шақырымдық кезеңде Алматы мен Қызылорда облыстары және Шымкент қаласының командалары түрлі себеппен жобадан шығып қалды. Екінші кезеңді 16 команда жалғастырады.

«Ұлы дала жорығы» 23 мамыр күні Астана қаласында аяқталады.

ҮНЕМГЕ ДЕ САУАТ КЕРЕК

Былтырғы мамыр айында кез келген тұрғынға қаржылық сауатты артырып, қарыздан құтылуға көмектесетін «Қарызсыз қоғам» жобасы іске қосылған еді. Биыл жоба жаңаша тыныс алды және проблемалық борышкерлерді де оңалту бағдарламасы қолға алынды. Осы орайда, «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасының жетекшісі Ақмарал Бекмұраева жобаның басты жетістіктері мен бағыттары туралы айтып берді.



115 МЫҢ АДАМ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТЫН АРТТЫРДЫ

«Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша былтыр 65 мың адам, биыл — 49 мың адам білім алды. Бұл — үлкен көрсеткіш. Қатысушылардың жартысына жуығы білікті қаржы және заң мамандарының көмегі алып отыр. Бұл ретте шоттың бұғатталуынан бастап, қарызды қайта құрылымдау, соттан тыс банкроттық рәсімдеу, коллекторлармен жұмыс секілді 20 бағыт бойынша көмек жүргізілді. Сондай-ақ қаржы сарапшылары бизнес-жоспар жазу, отбасылық бюджетті қолға алуды үйретті. Ең бастысы — жоба қатысушыларының санасы түбегейлі өзгергенін көріп отырмыз. Тығырыққа тіреліп, шығар жол жоқ деп ойлаған борышкерлердің қарызы қайта қаралып, үміт сөзделсе пайда болды.

Қаражатты дұрыс жоспарлау, дұрыс басқару тәсілдері болмаған жағдайда адам қанша табыс тапса да, жеткізе алмайды. Мәселен, ауылдағы ең табысы жоғары мамандар — мұғалімдер. Олар 300 мың, 400 мың, 500 мың тенге көлемінде жалақы алса да, несиелен көз ашпайды. Тура осы қаражатты жұмыссыз отырған, көпбалалы аналар бәріне жеткізіп, қарызсыз өмір сүрер едім деп армандайды. Мәселе табыс көлемінде емес, ойлау жүйесінде екенін түсініп, қатысушыларды тұтыну психологиясынан үнемдеу психологиясына бағыттап жатырмыз. Ауыл тұрғындары күнделікті газдалған сусын, чипсы алса, қала тұрғындары — кофе мен десертке ақша жұмсайды. Мұның бәрін үнемдеп, ақшаны тиімді жұмсауға болады.

Әрине, 10 облысты қамтыған су тасқыны жағдайы біздің жұмысымызға да әсер етті. Батыс Қазақстан облысында жағдай қиындап, оқуды тоқтатуға мәжбүр болдық. Қалған аймақтар қалыпты режимде жұмыс істеуде. ТЖ кезеңінде несиелі борышкерлеріне көмек көрсететін заңгерлер мен қаржы сарапшыларының жұмысын күшейттік. Тіпті, біздің жобаға қатыспағандар да көмекке жүгіне алды. Көбісінің құжаттары жоғалған, қалпына келтіру үшін не істерін білмеді. Біз ЭЦҚ, анықтам, несиелі шарттың көшірмесін алу, тіпті несиелі кейінге қалдыру туралы өтініш беруде де жәрдем еттік.

БАНКТЕР ДЕ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУЫНА МҮДДЕЛІ

Бір жылда біздің жобаны қолдайтын банктер саны да артты. Кез келген банк өз бизнесінің ұзақ мерзімді дамуы туралы стратегиялық тұрғыдан ойласа, несиелік қарыздарды уақытында қайтаратын, қаржылық білімі бар, сауатты халық қажет екенін түсінеді. Расында да, банктің әлеуметтік жобаларға қатысуы үлкен рөл атқарады. Егер қоғамның қаржылық сауаты өте төмен болса және бұл экономиканы теріс әсер етсе, банктер де мұның қандай ықпал тигізетінін түсінеді. Сондықтан бәрі бір-бірімен тығыз байланысты.

«Қарызсыз қоғам» — елдегі барлық ірі банктерді біріктірген алғашқы жоба. Еліміздің барлық ірі банктері — Freedom Bank, Банк Центр Кредит, Halyk Bank, Altyn Bank, Bereke Bank, Еуразиялық банк, Forte Bank, Home Credit, Jusan, Nurbank, Банк RBK жобаның серіктесі

атанды. Президент өз Жолдауында жобаның ауқымын кеңейтуді тапсырған еді. Әзірге Үкімет 2026 жылға дейінгі үш жылға арналған Жол картасын бекітті.

Сондай-ақ «Қарызсыз қоғам» жобасының жалғасы ретінде борышкерлердің табысын арттыру мен проблемалық кредиттерден арылтуды мақсат етіп қойдық. Бұл үшін Жамбыл облысы Меркі ауданында «Агросуауат» орталығы пилот ретінде ашылды. Онда адамдар ауылшаруашылық дағдыларын үйреніп, керекті құрал-жабдықтарды алып, нарықта сұранысы бар өнімдер шығарады. Табысының бір бөлігі проблемалық несиелі жабуға жұмсалып, өмірлік дағды мен кәсіпті игереді. Жамбылдан кейін халық тығыз орналасқан Түркістан облысы жоспарда тұр. Бұл да банктердің қаржылай қолдауымен іске асқан игі шараға айналды.

ЖАҢА ОҚУЛЫҚТА ФИНЛЯНДИЯ ӘДІС ҚОЛДАНЫЛАДЫ

«Қарызсыз қоғам» жобасының құндылығы — барлық мектепте, колледжде және жоғары оқу орнында қаржылық сауат оқулықтарын әзірлеу болмақ. Бұл оқулықтарды жазарда 543 мың адамға сауалнама жүргізілді және қазіргі «Қаржылық сауат» пәнінің барлық кемшіліктері анықталды. Мысалы, кей мектептерде қаржы саласына қатысы жоқ тарих, қазақ тілі, денешынықтыру мұғалімдері сабақ береді екен. Оқу материалдары қызық емес. Мұны мектепте жүріп-ақ мобилограф, контентмейкер, СММ болып табыс табатын оқушылар айтады. Криптовалютаға, инвестициялық қорлар мен нарықтарға қызығатын ұрпақ өсіп келеді. Соны жақсылап түсіндіріп бере алатын лайықты ұстаздар мен оқулықтар әлі жоқ.

Сондықтан Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, оқулық жазатын әдіснамалық топ құрдық. Бұл топ Финляндия мен Эстония тәжірибесін алуға арнайы барып, ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

PISA рейтингінде Финляндия мен Эстония қаржылық сауат бойынша әлемде жетекші орын алады. Бұл елдерде бала кезінен ақшаны қалай жұмсау керектігі, қауіпсіздік қоры үйретіледі. Біз Қаржы нарығын дамыту агенттігіне 2 мамырды Қаржылық сауат күні деп белгілеу жөнінде өтініш жолдадық. Бұл күні барлық ұйымда қаржылық сауаттың не екені айтылса, шеберлік сағаттары, семинар мен ашық есік күндері өткізілсе, қаржылық сауатты қоғамға бір қадам жақындаймыз деген ойдамын.

Жазып алған Бердібек ҚАБАЙ

ЖАМБЫЛДЫҚТАР МЕДИАТОРЛАРДАН КЕҢЕС АЛДЫ

Тараз қаласындағы №1 Халыққа қызмет көрсету орталығында «AMANAT» партиясының облыстық қоғамдық қабылдауы ұйымдастырылып, тұрғындар «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында тәжірибелі заңгер мен білікті маманнан түрлі мәселеге қатысты сауалына жауап алды.



Қоғамдық қабылдауға «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсенқұлов, мәслихат депутаттары және заңгер мамандар қатысты.

Қабылдауға келген азаматтардың басым бөлігі алимент өндіру, тұрғын үй мен жер учаскесін алу, мүгедектік тағайындау, несиелі жабу, мүлікте жекешелендіру сынды мәселелерін айтты. Құқықтық кеңес алуға келген жамбылдық тұрғын Айжан Аманжолова мұрагерлік құжат рәсімдеуде кедергілерге тап болған. Оның тұрып жатқан үйі әлі күнге дейін осыдан бірнеше жыл бұрын қайтыс болған әкесінің атында екен.

«Осыған дейін мұрагерлік рәсімдеу бойынша бірнеше мекемеге бардым. Бүгін тағы да ХҚКО-ға келіп отырмын. «AMANAT» партиясының «Құқықтық көмек» жобасы аясында заңгерлерден тиісті кеңестер алдым. Жасыратыны жоқ, заңгерлер мұндай кеңеске айтарлықтай қаржы алады. Сондықтан қала тұрғындарына тегін кеңестер ұйымдастырып отырған «AMANAT» партиясына алғысым шексіз», — деді Айжан Аманжолова.

«AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалының төрағасы Дауыл Бейсен-

құлов келушілерге тегін кеңес беріп, сауалдарына жауап берді. Сонымен қатар алаяқтарға алданғандарға заң аясында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

«Құқықтық көмек» партиялық жобасының негізгі мақсаты — халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру. Оның аясында әлеуметтік осал топқа құқықтық көмек беру мақсатында азаматтардың арыз-өтініштері бойынша заңгер, адвокат, медиатор мамандар тегін түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Еліміздің барлық өңірінде апта сайын тұрақты түрде аталған жоба аясында тұрғындарға тегін заңгерлік кеңес беріледі», — деді Дауыл Б.Ынтықбайұлы.

Айта кетерлігі, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап 30 сәуірге дейін 555 қабылдау өткізіліп, 2 500 адамға кеңес берілді.

«Құқықтық көмек» бойынша қабылдауға жазылу үшін «AMANAT» Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің төменде көрсетілген байланыс телефондарына хабарласуға болады:

1. Call-орталық: 8 800 080 4441 (Қазақстан бойынша қонғырау шалу тегін);
2. WhatsApp: 8 700 800 4441
3. Электрондық пошта: komek@amanat-party.kz

ЖАҢА ЗАҢ КӨП ОЛҚЫЛЫҚТЫҢ ОРНЫН ТОЛТЫРАДЫ

Мемлекет басшысының мемлекеттік сатып алуға жаңа жүйесі кәсіпкерлерге одан әрі қолдау көрсету, сатып алу рәсімдерін оңтайландыру және қысқарту, бағадан сапаға басымдық беру және саланы толық автоматтандыруды қамтамасыз ету қажет дегені белгілі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа заң жобасы Парламенттің екінші оқылымынан өтті.

Мемлекеттік сатып алу саласы маған Қызылорда облысы әкімінің орынбасары ретінде қызмет атқарған кезімнен бөтен емес. Себебі осы жауапты салаға жетекшілік еткен болатынымын. Сол кезеңнен «Сыны мен күрмеуі көп мемлекеттік сатып алу саласын жетілдіру қажет» деп жиі әртүрлі мәселерді көтеруге тырысатынымын. Сондықтан жаңа Мемлекеттік сатып алу туралы заң жобасы Мәжіліс қарауына түскен кезде, ойда қордаланып жүрген, тәжірибеде кездескен шешімін қажет ететін ұсыныстарымды енгіздім.

Мәселен, мердігер салғырттығынан нысандар соғылмай, «сақалды» құрылысқа айналса да, дәл сол мердігер мекемелер келесі конкурстарға еш кедергісіз қатысуын тәжірибе жүзінде ешкім шектей бермейді. Яғни, қолданыстағы заңнама оларды жауапкершілікке тартуға дәрменсіздік танытып, тек айыппұл төлететін.

Енді біз ұсынған жаңа заң қабылданса, мердігер жүктелген нысанда аяқтамаған болса, ол басқа конкурстарға қатыса алмайды. Бұл өзгеріс мердігерлердің жауапкершілігін күшейтіп қана қоймай, мемлекеттік мекемелердің де екусуара жасалған шарт талаптары орындалмаса, уақытылы сотқа жүгінуіне мүмкіндік береді.

Халық арасында «қара тізім» қатарындағы сатып алудың жосықсыз қатысушылары тізіліміне енді нысандарды тастап кеткен мердігерлер ғана емес, құжаттарында жалған ақпарат берген кәсіпкерлер де енгізіледі.

Бұл өзгеріс жалған құжаттар ұсынып, конкурс жеңімпаз болуға ұмтылатындардың жолын кесіп, заңсыз әрекеттерін шектейтін болады. Сондай-ақ енді Мем-



лекет басшысының бастамасымен құрылысын басынан аяғына дейін бір мердігер жүргізетін жұмыстар мемлекет қаржысына да жүзеге асырылатын болады.

Құрылыс саласының қыры мен сыры қанық жан ретінде осындай елеулі өзгерістердің енгізілуіне себепші болуым зандылық деген ойдамын. Сондай-ақ сатып алуларға «қоғамдық мониторинг» институты енгізіледі. Мамандар болмаса, мемлекеттік сатып алу туралы пікірлер бұқаралық ақпарат құралдарында немесе әлеуметтік желідегі жарияланатын мәліметтерден қалыптасады.

Келесі енгізілген ұсынысымыздың бірі — мемлекеттік сатып алуларға қоғамдық мониторинг жүргізіп қана қоймай, кез келген мүдделі тұлғалардың саладағы заңнама бұзушылықтардың алдын алуға атсалысуы алуы. Елеулі ұсынысым деп ауыз толтырып айта алатын тағы бір өзгеріс — сапалы тауар алу үшін оның маркасы мен брендині көрсете алу мүмкіндігі. Аз көлемдегі, яғни 1000 АЕК-ке дейінгі 400 мыңға жуық сомаға жарияланатын сатып алулардағы бұл норма — сапасыз, арзан тауарлардың орнына өзіндік сапаға ие тауарды алуды қамтамасыз ететін болады.

Ауылдық округ әкімдері үшін тағы бір керемет жаңалық — оларға 4 000 АЕК-ге, яғни 14,7 млн теңгеді сомаға дейінгі сатып алуларды айлап конкурс өткізбей-ақ бір көзден алуға мүмкіндік беріліп отыр.

Мұнан бөлек, қосалқы мердігерлерге беріліп келген жұмыстардың жарты көлемі енді 30 пайызға азайтып болады. Бұл сатып алу мердігерлердің конкурста жеңімпаз атанғанымен, қосалқы мердігерлерге беріп тастауына шектеу қойып, жеке дара жауапкершілігін арттыратын болады.

Бұдан өзге тауарлардың электронды каталогын қалыптастыруға, мемлекеттік сатып алудың электронды дүкен, аукцион және баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерін айқындайтын ұсыныстарыма да әріптестерім тарапынан қолдау білдірілді.

Жылдар бойға тәжірибемнен түйгеннен енгізген ұсыныстарым заң жүзінде қабылданып, жүзеге асырыла бастауы — бұл саланың ілгері басуына оң ықпалын тигізгені сенімдімін.

Мархабат ЖАЙЫМБЕТОВ,
Мәжіліс депутаты,
«AMANAT» партиясы
фракциясының мүшесі

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Оның айтуынша, республикада 2027 жылға қарай тағы 1,4 гигаватттық қуат көздері іске қосылады. Бұл бүкіл еліміздің энергетикалық теңгерімі құрылымының өзгеруіне әкеледі. Қуат өндіруден бастап оны таратуға дейінгі энергетика саласын басқару тәсілдерін жетілдіру қажет болады. Бұл – кейінге ысыруға болмайтын, қазіргі Үкімет атқаруға тиіс міндет.

Президенттің тапсырмасымен, Қазақстанда сутегіден қуат өндіру ісі дамытылмақ. Әйтпесе, Қазақстанда «сутегі» дегенде «сутегі бомбасы» ғана ойға оралуы мүмкін, шынында оның алапат қуатын бейбіт максатта пайдалануға болады.

Қуат көздерін кеңейту ісі энергетикалық машина жасау саласында технология трансфертінің жүзеге асырылып, жергілікті өндірісті дамытуға, аккумулятор өнеркәсібінің құруға негіз болады. Теңгерімді қуат көздерін, энергияны шоғырландыру жүйелерін құру үшін тың шешімдер қабылдау қажет. Көміртегі бейтараптығына көшуді парниктік газ шығарындылары арналған квотаны саудалау арқылы тездетуге болады. Үкімет пен бизнес өкілдері осы бағыттағы мүмкіндіктерді пайдалану мәселесімен шұғылдануы керек.

Жетекші экономикалар үшін «жасыл» қаржы тарту бедел ғана емес, өмірлік маңызды құралға айналды. Онсыз енді серпінді даму қиын. Өткен 7 жылда жер жүзінде «жасыл» облигацияларға 2,5 трлн доллардан астам қаражат жұмсалды. Осы қаражат дәриясы Қазақстанның іргесінен тасқындай ағып жатыр. Қамдан, қол соз, қауғаңды сал! Осыған байланысты Президент аты бар, заты шамалы «Астана» халықаралық қаржы орталығына, ең құрығанда, өзіміздің аймақтың «жасыл» қаражат тартатын басты алаңына айналуды жүктелді.

Ең бастысы, Қазақ елі жасыл энергетика үшін қажетті барлық шикізат қорына бай. Байырғы замандарда ата-бабамыз осы Ұлы даланы қасық қаны қалғанша қорғай жүріп, кейінгі ұрпағына мирасқа қалдырғанда, соның қойнауындағы мол мұра ұлтымыздың кез келген заманда өркеніет көшінен қалмай, көш бастауына жететінін сезгендей. Ендіше бабадан қалған игілікті пайдаланбай, мүмкіндікті қалт жіберу, барлық әлеует бола тұра дамудың келесі кезеңіне өте алмау – айып.



Жетекші экономикалар үшін «жасыл» қаржы тарту бедел ғана емес, өмірлік маңызды құралға айналды. Онсыз енді серпінді даму қиын. Өткен 7 жылда жер жүзінде «жасыл» облигацияларға 2,5 трлн доллардан астам қаражат жұмсалды. Осы қаражат дәриясы Қазақстанның іргесінен тасқындай ағып жатыр. Қамдан, қол соз, қауғаңды сал!



ЖАҢА САЛЫҚ ЕНГІЗУГЕ КЕҢЕС БЕРДІ

Дүниежүзілік банк тобының сарапшылары дамыған елге айналуы үшін Қазақстанға «жасыл, инклюзивті, орнықты экономикалық өсім жолына шығып», жасыл энергетиканы ынталандыруға бағытталған пәрменді реформаларды қолға алуға кеңес берді.

«Жаһандық декарбонизацияға көшу аясында Қазақстанның экономикалық өрлеуі алдынан құрылымдық сын-қатерлер тұрады. Республика бүкіл энергетикасының 98%-дан астамын отыннан алады. Энергияны жалпы тұтыну құрылымында көмір ең көп үлеске ие – 48,2%, табиғи газ – 26,4%, мұнай өнімдері – 23,5%. Тісінше, басымдықты реформалар да «жасыл» энергетиканы қарқынды дамытуға қарастыруы қажет», – деді жаһандық қаржы ұйымының сарапшылары.



БАЛАМА ҚУАТ БАҚУАТТЫ өмірге БАСТАЙДЫ

Бірақ Дүниежүзілік банк тобының ұсынып отырған реформалары «радикалды» көрінеді. Оны жүзеге асыруда Үкімет отандық бизнес ортамен алқа құрып, ақылдасып, аңдап баспаса, экономиканың ұстыны болып отырған көптеген кәсіпорынды құртып тынады. Өйткені олардың бәрі электр энергиясын тым көп тұтынатын ескі технологиялармен жұмыс істейді. Ресейдің одақтасы болғандықтан Қазақстанға Батыс озық технологияларын бере бермейді.

Мысалы, Дүниежүзілік банк тобы экологиялық таза, жанаратын қуат көздеріне белсенді көшу үшін бүкіл салық және бюджет кодекстерін қайта құрып шығуды ұсынды.

«Салық-бюджет саясатының реформасы аясында көміртек шығарындысы үшін бағаны көтерген, шығарынды квоталарын саудалау жүйесін жетілдірген абзал. Әлемде отынның қазба тұтылуына сұраныс біртіндеп кеми береді, салдарынан негізгі экспортты соған бағдарланған Қазақстанның дәстүрлі табыс ағындары қыс-

туға, жасыл энергетиканы ынталандыруға бағытталған басқа да бастамалар ұсынылған. Ұйым сарапшыларының пікірінше, тегеурінді тетіктерді іске қосып, күрделі шешім қабылдамай, Қазақстан ұлы шығарындыларды қысқартудың тиімді траекториясына шыға алмайды.

Бірақ мұндай «батыл» қадамдар онсыз да жоғары салықтық жүктемеден дәрменсіз жағдайға жетіп тұрған отандық бизнеске соққы болуы мүмкін. Демек, ақырын жүріп, анық басуды талап етеді.

АУЫЛДАҒЫ АҒАЙЫН ҮШІН ЖАҢА ТАБЫС КӨЗІ

Қазақстан дамыған елдердегі сияқты, жасыл энергетикаға өтуді мәжбүрлі түрде жүргізіп, радикалды қадамдарға бармайды. Бірақ Мемлекет басшысы жаңа Үкіметке энергетиканы тиімді пайдалануға және басқа да ресурстарды үнемдеуге қатысты нақты нормативтік талаптарды біртіндеп енгізуді жүктелді. 2029 жылға қарай энергияны тұтынуға және энергия шығынына байланысты негізгі көрсеткіштерді кемінде 15%-ға азайтуға тапсырма берді. Бұған мемлекетті «жасыл дамуға өту» емес, елде өршіген энергетикалық тапшылық итермелеп отыр.

Сонымен бірге Қазақстан жасыл энергетиканы дамуына серпін беру жайын қарастырады. Осы орайда Мәжіліс «Кейбір заңнамалық актілерге жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау, электр энергетикасы және табиғи монополиялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын қабылдады.

Бұл құжат елді зәрезап қылған ескі бір шешімді жоймақ. Мысалы, шалғай ауыл тұрғыны күн панельдерін орнатып, өз бетінше электр өндіріп, жылу мен жарық үшін тұтына бастаса, құзырлы органдар одан жеке кәсіпкер ретінде тіркелуді талап етеді. Мемлекет бұл практиканы бас тартады.

«Нетто-тұтынушы жеке тұлғалар дара кәсіпкер ретінде тіркелу міндетінен босатылады. Бұл толықтыру азаматтардың жаңартылатын энергия көздерінің шағын ауқымды объектілерін пайдалану процесіндегі бюрократияны айтарлықтай азайтады және тіркеуші органдармен өзара іс-қимыл жасау қажеттілігін болғызбайды», – деді Мәжіліс депутаты Дүйсенбай Тұрғанов.

Азаматтар өзінен артылған «жасыл» қуатын өзгелерге, тіпті өңірлік электр желілік компанияларға (РЭК) сата алады. Біріншілік құқық қолдану практикасын қалыптастыру, шарттасу алдындағы даулар мен ұзақ талқылауларды болғызбау үшін нетто-тұтынушы мен энергиямен жабдықтаушы ұйым арасында электр энергиясын сатып алу-сатудың үлгілік шарты әзірленеді.

«Шағын ауқымды жаңартылатын энергия көздерінің (ЖЭК) объектісі өндіріген электр энергиясының артық мөлшерін энергиямен жабдықтаушы ұйымға сатудың шекті бағасы белгіленеді. Біріншіден, бұл норма артық электрді нетто-тұтынушыдан сатып алу бағасын айқындауға даулы мәселелерді болғызбауға тиіс. Екіншіден, ол шағын ЖЭК объектілерінің өзін-өзі ақтауын жақсартыды. Бұл заңды қабылдау күнделікті өмірге ЖЭК-ті белсенді енгізуге, қызмет көрсетудің перспективті жаңа бағытын дамытуға, жұмыс орындарын құруға, желілік инфрақұрылымды одан әрі эволюциялық дамытуға, елдің энергетика секторына инвестициялар тартуға ықпал етеді», – деді депутат.

Осылайша, әсіресе ауылдағы ағайынның желден қуат өндіретін қалақшаларды қойып немесе қытайдың арзан күн панелдерін орнатып, нұрды тоққа айналдыруына, артылғанын көрші-қоланға, жергілікті РЭК-ке сатып, табыс табуына жол ашылады.

ЕЛ ҚАНШАЛЫҚТЫ «ЖАСЫЛДАНДЫ»?

Жалпы, «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» заң 2009 жылы қабылданған екен. Содан бері жасыл қуат өндірісі қалай дамыды? 2023 жылдың қорытындысында жаңартылатын энергия көздері объектілерінде өндірілген электр энергиясының көлемі 6,675 млрд кВт/сағ немесе жалпы көлемінің 5,92%-ын құрады. Қазір республикада қуаты 2 903,54 МВт болатын 147 жаңартылатын энергия объектілері бар (әрқайсысының қуаты 100 кВт-тан астам).

Сегментіне қарай жіктесек, қуаты 1 409,55 МВт болатын 59 жел электр стансасы, қуаты 1 222,61 МВт болатын 46 күн электр стансасы, қуаты 269,6 МВт болатын 39 шағын су электр стансасы (ГЭС), қуаты

1,77 МВт болатын 3 биогаз электр стансасы нысаны тіркелген.

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2024 жылдың бірінші тоқсанында жалпы электр өндірісіне 73,7 млрд тенге инвестиция салынды. Бұл былтырғы қаңтар-наурыздағыдан 52,1% көп. Әйткенмен, инвестициялардың басым бөлігі сол бұрынғыдай жылу электр орталықтарына бағытталып жатыр: 80,2%-ы немесе 59,1 млрд тенге. Сөйтіп, былтырғы ұқсас кезеңдегіден 2,3 есе артты.

Ал ЖЭК-тер өндіретін жасыл энергетикаға 9,8 млрд тенге инвестиция құйылды. Былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда, 46,8% кеміді. ЖЭК-ті жіктесек, күтпеген жерден күн электр стансаларының тартқан қаражаты биыл 31,4%-ға ұлғайып, 3,1 млрд тенгеге жетті. Гидроэлектр стансаларына 1,7 млрд инвестиция келді, өсім – 43%.

Нәтижесінде, 2024 жылдың бірінші тоқсанында ЖЭК объектілерінің қуаты 2,9 мың МВт-қа жетті. Бұл 2023 жылғы ұқсас кезеңдегіден (2,5 мың МВт) 15% жоғары.

Соның ішінде көшгі сол бұрынғыдай жел электр стансалары бастап тұр: қуаты 1,4 мың МВт. Күн электр стансаларының үлесі – 1,2 мың МВт. Шағын ГЭС-тер еншісінде – 269,8 МВт. «ЭКСПО-2017» көрмесі кезінде «экзотика» және аралауандылық ретінде дәріптелген ЖЭК түрі – қидан қуат өндіретін биоэлектр стансалары 2024 жылғы бірінші тоқсанда баржоғы 1,8 МВт ток бере алған. Бұл сегментте еш өсім жоқ.

Қазақстанның еңбек сіңірген энергетигі, Мәжілістегі «AMANAT» фракциясының депутаты Дүйсенбай Тұрғановтың айтуынша, азаматтардың, фермерлердің ең болмаса 5-10%-ы ЖЭК орнатса, ол 500-1000 мегаваттқа дейін қосымша қуат қосар еді.

«Алматы және Қарағанды облыстарында бұл үрдіс жақсы дамып келе жатыр, онда осындай 47 нысан бар. Жалпы, қуаттылығы 2 мың 550 киловатт. Мысалы, Алматы қаласында қуаттылығы 5 киловатттан 80 киловаттқа дейін болатын күн панелдерін орнатылған 19 үй бар. Жақсы бір мысалды айтайын, Түркістан қаласындағы №23 мектепте 50 киловаттық күн стансасы қойылған. Мемлекеттік мектептерімізде осындай күн панелдерін жаппай орнатсақ, ЖЭК қуатын 350-400 мегаваттқа дейін өсіруге болады. Жалпы, елімізде 2035 жылға дейін ЖЭК қуатын 6-7 мың мегаваттқа жеткізу жоспарланған», – деді ол.

Энергетика вице-министрі Сұнғат Есімханов жаңартылатын энергия көздерінің үлесін 2030 жылы 15%-ға, 2050 жылы 50%-ға дейін жеткізу бойынша Президенттің тапсырмасы барын айтты.

Үкімет жеке гидроэлектр энергетикасын, оның ішінде кіші гидроэлектр стансаларын дамыту жоспарын қабылдады. Біз 5 жылға тиісті аукциондардың кестесін бекіттік, соның ішінде шағын ЖЭК-терді ірілендіру үшін дамыту бағдарламасы бар. Осы жоспарлар шеңберінде бұл бағытты дамытамыз, – деді Энергетика министрінің орынбасары.

Президент қойған міндетке сәйкес, Энергетика министрлігі Қазақстанда сутегі энергетикасын дамыту бойынша 2040 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасын әзірлеп шықты. Құжатта сутегі энергетикасын дамыту, экономиканың түрлі секторларында, оның ішінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықта сутегіні өндіріп, пайдалануды ұйымдастыру бойынша пилоттық жобаларды іске асыру, ғылыми әлеуетті дамыту, кадрмен қамту, ынталандырудың мемлекеттік шаралары қамтылған.

Қорыта айтқанда, салада ілгерілеушілік бар. Президент тапсырмасымен Қазақстанның 2060 жылға дейін төмен көміртекті даму тұжырымдамасы қабылданып, қолға алынды. Оның аясында жобаларды жүзеге асыру экологияның сапасын жақсартып, климат өзгеруінен болатын сын-қатерлердің алдын алуға, технологиялық дамуға, жаңа «жасыл» жұмыс орындарын ашуға, экономиканың көміртекті пайдалануын азайтуға, басқа да маңызды істерге септесіп, серпін беруге тиіс.

ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯНЫҢ КӨШБАСШЫСЫНА АЙНАЛАДЫ

Алматы облысының жаңартылатын энергия көздеріне қатысты әлеуеті аса зор. Асау өзендер өрнектеп, екпінді желдер өтетін дәліздері көп өлкеде бүгінгі күннің өзінде жасыл энергия ел игілігіне табысты қызмет етуде. Осы бағыттағы нақты жұмыстар нәтижесінде, облыс жаңартылатын энергия көздерін игілікке асыруды кеңінен қолданысқа енгізіп, біртіндеп болса да энергетикалық тәуелсіздікке қол жеткізе бастады.

Болат АБАҒАН

Қазір облыста жаңартылатын энергия көзі болып саналатын 22 нысан бар. Олардың жетеуі су электр стансасы болса, тоғызы желден қуат өндіреді және алтауы – күн электр стансасы. Бұлар жалпы алғанда 325,1 МВт электр қуатын өндіріп, аймақтағы электр энергиясына қажеттіліктің жартысынан астамын жауып отыр.

Жасыл энергияның осылайша жедел дамуы дәстүрлі қуат көздеріне тәуелділікті

азайтып қана қоймай, сонымен қатар облыс экономикасының өркендеуіне оң ықпал етіп, экологиясын жақсартуға да септігін тигізуде.

Сарапшылардың айтуынша, парниктік газдар шығарындылары айтарлықтай төмендеген. Сонымен бірге жаңа жұмыс орны көптеп ашылған. Инвестиция тарту арқылы экономикаға серпін бергені – өз алдына бір жетістік.

Өңір басшылығы бұл бағыттағы жұмыстар алдағы жылдары да жалғасын табады деп отыр. Облыста 2026 жылға дейін жалпы қуаты 1 381 МВт болатын

тағы 18 жаңартылатын энергия өндіретін жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Бұл жобаларға салынатын инвестициялар 937,75 млрд тенгеге жетіп, 803 адам тұрақты жұмысқа тұра алады. Берері мол жоспарларды жүзеге асыру, аймақтың энергетикалық теңгеріміндегі жаңартылатын энергияның үлесін 90%-ға дейін жеткізуге мүмкіндік береді және бұл Алматы облысын Қазақстандағы жасыл энергияның көшбасшыларының біріне айналдырады.

Алматы облысы



Жүгіріс 1 шақырым, 2,5 шақырым, 5 және 10 шақырым – төрт кашықтық бойынша өтті. Қатысу бағасы 5 990 теңгеден бастап 8 990 теңгеге дейін болды. Марафонға Астана, Алматы, Павлодар, Қарағанды, Орал, Өскемен, Қызылорда, Көкшетау, Екібастұз, Степногорск, Талдықорған, Шахтинск, Ақтөбе, Семей, Арқалық, Атырау, Қостанай қалаларынан барлығы 2 330 адам қатысты. Шараның құрметті қонағы және жарысқа қатысушы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев болды.

— Run for Autism — жай спорт жарысы емес. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдауға және ауылдарымыз бен қалаларымызда инклюзивті орта қалыптастыруға үнемі баса мән беріп келеді. Бүгін біз осы жарыс арқылы еліміздегі әр балаға ерекше қажеттілігіне қарамастан білім алып, дамуы үшін тең мүмкіндіктер беру жолында тағы бір маңызды қадам жасап отырмыз. Баршаңызды осындай игі бастаманы қолдауға, әр баланың өз әлеуетін жүзеге асыруына жағдай жасалған инклюзивті қоғам қалыптастыруға үлес қосуға шақырамын, — деген Мәулен Әшімбаев жарысты ұйымдастырушыларға алғыс білдірді.

Жарысқа кәсіби спортшылар, бочка бойынша параспортшылар, ым тілі спортшылары, әуесқойлар, ерекше балалармен жұмыс істейтін мамандар, 120-дан астам ерекше қажеттіліктері бар балалар, ата-аналар және т.б. қатысты. Алматы, Ақтау, Екібастұз, Орал, Қарағанды, Петропавл, Қосты және т.б. қалаларынан 24 адам марафонға онлайн қатысты.

Мәреге жеткен барлық қатысушы естелік медальдарға ие болды, ал әр кашықтық бойынша жеңімпаздар дипломдар мен медальдармен марапатталды. Әрбір жүгірушіге шоппер, футболка, жүгіріске арналған нөмір, ұтыс ойыны үшін нөмірі, тамаққа талон, бағдарлама және спорттық батончиктен тұратын жинақ табысталды.

Іс-шара аясында аутизм және дамуында басқа да ерекшеліктері бар балаларға арналған «Көңілді старт» спорттық-ойын эстафетасы өткізілді. Оған аутизм бар, психикалық және сөйлеу тілі дамуы тежелген, Даун синдромы бар және т.б. 5-14 жас аралығындағы 100-ден астам бала қатысты. Эстафета аяқталған соң балаларға медаль және іс-шара серіктестерінен сыйлық табысталды.

«Run for autism — аутизм бойынша зерттеулерді қолдау үшін қаражат жинауға арналған халықаралық бастама. Олар әртүрлі форматтарда өткізіледі: марафон, жартылай марафон, триатлон, жүгіріс және т.б. Бұл іс-шара әлемнің ең ірі қалаларында өткізіледі: Нью-Йорк, Лондон, Берлин, Чи-



RUN FOR AUTISM: ШАРАПАТЫ МОЛ ШАРА

Наурызбек САРША

18 мамырда Астанада екінші Run for autism қайырымдылық марафоны өтті. Іс-шараның мақсаты — аутизм туралы жұртшылықтың хабардарлығын арттыру, аутизм бар адамдардың өмір сапасын жақсарту, олардың әлеуметтенуі және өз қабілеттерін жүзеге асыруы үшін жағдайды қамтамасыз ету. Жиналған 13 млн теңгеге жуық қаражат балабақшаларда аутизм және басқа менталдық бұзылыстары бар балаларға арналған инклюзияны қолдау кабинеттерін ашуға бағытталады. Іс-шараның «Болашақ» корпоративтік қоры Астана қаласы әкімдігінің және серіктестерінің қолдауымен ұйымдастырылды.

каго, Питсбург және т.б. Біздің қор бұл халықаралық тәжірибені алғаш рет елімізде енгізді. Бұлтыр біз алғашқы Run for autism

жүгірісін өткіздік. Жиналған қаражатқа біз елорданың балабақшаларында үш инклюзияны қолдау кабинетін жабдықтадық. Бір кабинетті жабдықтауға шамамен 2 млн теңге жұмсалады. Бұл сомаға ерекше балалардың дамуы үшін қолайлы жағдай жасауға арналған жиһаз, орттехника және көмекші оқыту материалдарды сатып алу кіреді. Бүгін жиналған қаражатты да біз балабақшаларда инклюзияны қолдау кабинеттерін ашуға бағыттаймыз. Өйткені инклюзияны ерте жастан бастаған жөн. Бұл жағдайда менталдық бұзылыстары бар баланың болашақта сәтті оқуға және әлеуметтенуге мүмкіндігі әлдеқайда жоғары болады. Осындай ауқымды шараға қолдау көрсеткен демеушілеріміз бен серіктестерімізге алғы-

сымыз шексіз. Жыл сайын жарысқа қатысушылардың саны артып келеді, бұл — ақпарат көбірек адамға таралады деген сөз. Біз қоғамның барған сайын ашық болып келе жатқанына қуаныштымыз. Біз мүмкіндігінше көп адамның аутизм туралы көбірек білсе, ал инклюзия мәселелері барлық деңгейлерде шешілсе дейміз», — деді «Болашақ» қорының Қамқоршылық кеңесі төрайымы Динара Гаппан.

2015 жылдан бері «Болашақ» қоры Қазақстанның 22 қаласында мектептер мен балабақшаларда 57 инклюзияны қолдау кабинетін ашты. Аутизм және дамуында басқа да ерекшеліктері бар 800-ден астам бала мектепке баруға мүмкіндік алғанын айта кеткеніміз жөн.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАР ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАСЫН

Елімізде соңғы жылдары ерекше қажеттілігі бар балалар саны артып барады. Өкінішке қарай, олардың денсаулығы, өмір сүру сапасы алаңдатарлық жағдайда. Статистика мәліметінше, еліміздегі ерекше қажеттіліктері бар 680 мың адамның 100 мыңға жуығы — 18 жасқа толмаған балалар.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

ОҢАЛУҒА ДҰРЫС ДИЕТА ДА КӨМЕКТЕСЕДІ

Бұл балаларды бағып-қағу, оқыту, құнарлы аспен қамтамасыз етудің өзіндік ерекшеліктері бар. Әсіресе, бұл тұста дұрыс тамақтанудың маңызы орасан. Психолог, нейрорпсихолог Алмагүл Алдабергенованың айтуынша, тамақтанудың өзі баланың оңалып кетуіне көп әсер етеді. Сондықтан пайдалы тамақтарды балаға «жегісі келмейді, қызығушылығы жоқ» деп мүлдем бермей қоюға болмайды.

— Мен қант диабетімен ауыратын балалармен жұмыс істеймін. Ол балаларға тәтті жеуге болмайды. Пипербелсенді және зейін жетіспеушілігі бар балаларға кофе беруге болмайды. Егер баланың диагнозына сәйкес қабылдау болмайды деген тағамдардың тізімі болса, оны сақтау керек. Өйтпесе, көп жағдайда коррекциялық жұмыстар нәтижесіз болады. Сондықтан ата-ана өзінің баласының коррекциялық тұрғыда, оқу-танымдық, интеллектуалдық, физиологиялық, психологиялық, моторикалық даму жағынан жетістікке жеткенін қаласа, кез келген сәтте ережені сақтауы керек. Уақытылы ұйықтау, дұрыс тамақтану, жалпы күн тәртібін сақтау қалыпты балалар үшін де маңызды, — дейді маман.

Ал АВАQUS-DARYN қорының директоры, аға АВА-нұсқаушы Дархан Ажмолдаевтың айтуынша, ерекше баланың көлімі балаладан ешқандай да айырмашылығы жоқ.

— Ерекше баланың көлімі балаладан айырмашылығы — жүйке жүйесінің өзгерісінде ғана. Бұл туа біткен ерекшелік — мидағы бұзылыс. Бұл бұзылыс әр балада әртүрлі. Тамақ жеуі де, жемеуі де сол бұзылысқа байланысты. Ерекше балалардың дәм сезу, көру, есту секілді сезімдері тұрақты емес. Егер шындығында да бала дұрыс тамақ жемейтін болса, ол — қалыпты жағдай. Дұрыс тамақ жемегеннен болатын мұндай кемшіліктерді біз жаймен жоюмыз керек. Ол үшін ғылыми дәлелденген әдістерді қолдану керек. Мысалға, біздің АВА терапияда, яғни мінез-құлықты қолданбалы талдау әдістерінде баланың тамақты талғап жеуі дегенді бөлек қарастырады. Шындығында, тамақ жемейтін бала болмайды, шын мәнінде анасының көзін ала бере тоназытқышта немесе үстелде тұрған кез келген тамақты бала жейді. Бала өзіне керек қоректі қалай да алады, — дейді аға АВА-нұсқаушы Дархан Ажмолдаев.

Бала өзіне қоректі қалай да алады, дегеннен оның тамақтану тәртібін, ересектің кішкентай күнінен қалыптастыру

керек. Өйткені ерекше қажеттілігі бар балалардың ағзасы өте әлсіз. Сондықтан сау баланың өзіне бір кесе Соса-Сола берсеңіз, энергиясы тасып, қолды-аяққа тұрмай кетеді. Өзі жүйкесі әлсіз балаға Соса-Сола немесе кофе берсе, ми тұманданып, ішекте қабыну жүреді дейді нутрициолог мамандар.

— «Ішек — адамның екінші миы» деген қағидаға сүйенсек, адам асты дұрыс қорытпаса, ішек дұрыс жұмыс істемесе, мұның бәрі миға кері әсер етеді. Қазір ерекше балалардың көбі глютенсіз, тәттісіз диетада. Мысалы, менің қызым глютенсіз тамақ жейді. Глютен негізінен үн өнімдерінен дайындалатын тағамдардың бәрінде бар. Тәттіні, тәтті тусындыры, тіпті балды мүлдем беруге болмайды. Бананды да жемейді. Қызымды диетаға отырғызғанға дейін ол түнімен ұйықтамайтын, жылай беретін. Диетадан кейін алты айда қызымның ұйқысы түзелді. Себебі глютенді тағамның бала ағзасына ауыр, қорытылуы қиын, оны бала айта алмайды. Баланың үнемі құсқысы келіп тұрады, миы тұманданып, серги алмайды. Сондықтан диетаның пайдасы өте көп. Егер диетаға үйретіп қойса, балада «мен өз тамағымды жеуім керек» деген түсінік қалыптасады. Дегенмен диета ұстау оңай емес. Кейде түрлі жағдайларға байланысты диета бұзылып жатады. Бала отбасында барлығы жеген тамақты жегісі келеді. Әрі диеталық өнімнің бағасы өте қымбат, — дейді журналист Гүлбану Әниязқызы.

Дегенмен глютенсіз тағам кейбір балалар үшін маңызды болмауы мүмкін.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ — ҚОҒАМҒА КІРІГҮ

АВАQUS-DARYN қорының директоры Дархан Ажмолдаев елімізде ерекше қажеттілігі бар адамдарды қоғамның қабылдауында, оларды жақын тартуында үлкен мәселе барын айтады. Мәселен, шетелдіктер үшін қалыпты саналатын инклюзивті үйлесім, инклюзивті қоғам туралы түсінік бізде толық қалыптаспаған.

— Әуелі инклюзив деген сөзді толық мағынасында түсінуіміз керек. Инклюзивтілік — қоғамға кірігу, қоғам ішінде болу деген сөз. Ол тек ерекше балаларды немесе өз аяғымен жүре алмайтын балаларға, ересектерге арналған шекара, я болмаса жеңіл шаралар емес. Егер қоғам бірінші кезекте ерекшелігі немесе мүгедектігі бар адамдарды қоғамымыздың өзі секілді мүшесі есебінде қабылдамайынша, бізде инклюзивтілік деген мағына болмайды. Бұл — қоғамның ерекше адамдарға арналған іс-әрекеті емес, ол қоғамның бірігуі. Мысалы, АҚШ немесе Еуропада ерекше қажеттілігі бар адамдарға барлық жағдай жасалумен қатар, қоғамның көдімгідей қабылдауы, жана-



шырлық танытуы қалыпты саналады. Бізде ше? Бізде әлі күнге дейін ерекше қажеттілігі бар адамдарды жат санау, кемсіте қарау секілді көзқарас басым. Өзіміздің балам жақсына 15 жасқа толады. Көдімгі мектепте оқып жүр. Бұл — ұзақ жылғы ізденістің, күш-жігердің, отбасымыздың бірігуі мен қолдауының нәтижесі. Бірақ біздің қоғам ерекше адамдарды қабылдауға дайын емес. Бірінші кезекте қоғаммен жұмыс істеу керек, қоғамды дайындау керек. Егер көшеде есіз іс-әрекет жасап, ерсі мінез-құлқ көрсетіп жүрген адамға сынай емес, жана-шырлықпен, түсіністікпен қарайтын күнге жетсек, сол кезде инклюзивті қоғам болады, — дейді ерекше бала өсіріп отырған әке.

Иә, біздің қоғам туа бітті кемістігі бар адам көрсе, үрке қарау әдетінен әлі арылмаған. Салдарынан баласының туа бітті жаратылысы үшін ата-ана психологиялық тұрғыда қысымға ұшырап, дағдарысқа түседі. Баласының денсаулығы, күтімі, тамағы, өсіп қалыптасуы ұялым болған ата-анаға жасалатын психикалық «шабуылды» өзі отбасын күйзелтіп жіберуі мүмкін. Сондықтан ерекше балаларды жатынбайтын, аламайтын қоғам қалыптастырудың маңызы зор. Ондай қоғам болуды әрбір ата-ана өз отбасында бастау керек. Әр ата-ана баласына өмірде осындай балалар бар екенін, олар агрессивті болуы мүмкін екенін, арбада отыруы мүмкін екенін, бет-әлпеті өзгеше болуы мүмкін екенін немесе қимылы есіз болуы мүмкін екенін үнемі түсіндіріп, айтып отыруы керек.

— Шындығында, олар да адам. Бізден еш айырмашылығы жоқ. Біз сияқты және бізден өзгеше кейбір қажеттіліктері болуы мүмкін. Бізде мысалы, инклюзивті мектептер бар. Ол жерде сыныптарға бір-екі ерекше баладан қосады. Соны кейде ата-аналар, «ойбай, олар біздің балаларға әсер етеді» деп бабылып жүріп, сол баладан құтылуы ғана ойлайды. Шетелде ерекше балалардың 99 пайызы инклюзивті білім алады. Қоғамдағы көптеген «шабуыл» сал-

дарынан баласы үшін намыстанып, ұялып, сыртқа шығара алмай, іштей тұншығып отырған ата-аналар өте көп. Жылдар бойы баласын үйінен шығармаған ата-аналарды білемін. Түсікандарының сөзінен, қоғамның сөзінен сескенеді, қашады. Олай болмауы керек. Қоғам жанашыр болуы керек. Ол да бір мәдениет, — дейді Гүлбану Әниязқызы.

МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН КЕШЕНДІ БАҒДАРЛАМА КЕРЕК

Ал мемлекет тарапынан «Ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту, қолдау тұрғысында кешенді бағдарлама бар ма?» деген сұраққа келер болсақ, жоғарыда айтқанымыздай, мектептерде сыныптарға санаулы баланы қосып оқыту бағдарламасы қарастырылған. Көптеген реабилитациялық, коррекциялық орталықтар бар. Бірақ бұл жұмыстар теңізге тамған тамшыдай ғана, нәтижесі аз, нағандық іс-шаралар ғана.

— Мемлекет тарапынан жан-жақты, кешенді бағдарлама жоқ. Мәселен, осыдан бір-екі жыл бұрын Денсаулық сақтау министрлігі мен Оқу-ағарту министрлігі бірігіп, біраз шаруа жасады. Бірақ қазір ол тоқтап тұр. Өйткені толыққанды Үкіметтің қолдауымен, Президенттің Жарлығымен үлкен бір қаулы шығарып, үлкен бір жұмыс жасалып байынша, әр министрліктің өзінше жасаған іс-әрекеттері толықтай шешім болады деп ойламаймын. Олардың жасап жатқандары бар, бірақ толыққанды жолға қойылған жоқ. Бәрі қаражатқа тірелелі, — деді АВАQUS-DARYN қорының директоры Д.Ажмолдаев.

Десек те, мемлекет тарапынан арнайы кешенді бағдарлама жасалмаса да, қазіргі күні инклюзивті қоғам түсінігі бұрынғыға қарағанда біршама орныққан. Мемлекеттік немесе мемлекеттік емес түрлі ақылы-ақысыз сауықтыру орталықтары құрылды. Әлеуметтік желілерде болсын, басқа да түрлі жолдар арқылы ерекше бала күтімі, денсаулығы, басқа да қажеттіліктері ту-

Жарысқа 50-ден астам компания мен ұйымның қызметкерлері, оның ішінде инклюзивті білім беру саласындағы қызметкерлер қатысты. АВА-терапевт Алмас Ақан даму ерекшеліктері бар балаларға арналған «Тамшылар» балаларды дамыту орталығынан әріптестерімен бірге жүгіріске қатысты:

«Мен жүгіріске бірінші рет қатысып отырмын. Мен үшін осы марафонға қатысу — бұл тақырыпқа адамдардың назарын аударудың, аутизм қиындықтарымен күнделікті бетпе-бет келген жандарға қолдау көрсетуің, АСБ бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту алатын білімнің таралуына көмектесудің тәсілі. Мен өз жұмысымда дамуында ерекшеліктері бар балаларға жағымсыз мінез-құлықпен күресуге, басқалармен қарым-қатынас жасауға және өзара әрекеттесуге көмектесемін. Біз дәлелденген әдістерді қолданамыз және балалар күнделікті тапсырмаларды жақсырақ орындай алуы үшін отбасымен және басқа мамандармен бірлесіп жұмыс істейміз», — деді ол.

Астана тұрғыны Амангелді Дошановтың жасы 81-де, ол — осы марафонның ең жасы үлкен қатысушысы. Амангелді ата 10 шақырым кашықтыққа тіркелген екен.

«Бүгін мен өзімді, өз күшімді сынап көргім келеді. Біз бәріміз қай жаста болсақ та дұрыс әрі толық өмір жасауымыз үшін өз денсаулығымыздың қадірін біліп, өзімізге қарауымыз тиіс. Әртүрлі елдердің 70, 80, 90 жастағы қарттары өздеріне жаттығулар қолданып, ел-жұрт қатарында жасайды. Біздің қазақ елінде де осындай жандар бар. Әрине, мен аутизмді бар балаларға қолдау көрсеткім келеді», — деді ақсақал.

Run for Autism қайырымдылық жарысы қорытындыланған соң қатысушылардың барлығы «Таза Қазақстан» акциясына қолдау көрсетті. Олар спортшылар жүгіріп өткен жолдар мен айналыны коқыстардан, қағаз бен басқа да пластик бұйымдардан тазартты.

Айта кетейік, сәуір айының басынан бастап елордада «Таза Қазақстан: Астана — тазалық мен тәртіптің үлгісі» атты экоакциясы өтіп жатыр. Ауқымды экоакция аясында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және көдімгі көріз желілері, көшелерді, тротуарларды, кварталшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен ауаларды тазалау жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ жасыл желектерді күтіп-баптау және отырғызу, сауда объектілеріне іргелес аумақтарды жинау, қоғалдар мен гүлзарларды орнату, рұқсат етілмеген полигондарды жою және т.б. жұмыстар жүргізіліп жатыр.

ралы кеңес беретін мамандар желі қалыптасты. Алайда мамандардың каншалықты жеткілікті екені әрі каншалықты сауатты екені туралы мәселе туындауы мүмкін.

Мәселен, Гүлбану Әниязқызының айтуынша, мемлекет тарапынан тегін орталықтарға бару — көбіне уақыт жоғалту. Жалпы, Республикалық балаларды оңалту орталығында жақсы мамандар бар. Бірақ ол жерге квота алу үшін жылдар бойы күту керек.

— Менің қызым алтыға келеді, бірақ бірде-бір рет ол орталықтың квотасын алмады. Себебі ол жерге жету қиын, бала көп, кезек көп. Қызыма ерекше қажеттілігі болған үшін мемлекет тарапынан аптасына екі рет қырық минуттан, әлеуметтік қызметкер үйге келіп, баламды ойнатып кетеді. Тегін жерек береді. Тегін әлеуметтік орталықтарға анда-санда екі аптаға, оңалту кешені жүргізіледі, яғни дефектолог, логопед АПК, ЛПК секілді мамандар баламен жұмыс істеп, үйретеді. Бұл сабақтардың маңызы өте зор. Бірақ мамандардың сауаттылық деңгейін көтеру, жетілдіру мәселесі ақсап тұр. Қызымды тегін орталықтарға апарғаныммен, нәтиже болмады. Үйрету деңгейлері өте төмен, ескі әдіс.

Қазір ақылы орталықтарға барып жүрміз. Онда мүлдем басқа деңгей. Мамандар үнемі шетелден келетін мамандардан үйренеді, олардың қолданатын құралдары да бөлек. Көптеген әдіс-тәсілдері баланы мында жаңа нейрондар түзілуіне, соның арқасында баланың сөйлеуіне, жүруіне, түсінігін қалыптасуына көмектеседі. Ол жақта бұл балаларға деген көзқарас та, түсінік те басқа, — деді ол.

Әлеуметтік желі демекші, қазір барлығымызға белгілі онлайн ақыл-көнес беретін коучтардың дәурені жүріп тұр. Аға АВА-нұсқаушы Дархан Әділжанұлының айтуынша, салада шала сауаттылар көп.

— «Сұраныс ұсынысты тудырады» дегендей, өкінішке қарай сауықтыру орталықтарына деген сұраныс көп. Соны білетін көп жас шала-шарпы оқып алады да, бәрі білетін адамша, көзбояушылықпен әлеуметтік желілер арқылы түрлі жарнама жасап, ата-аналарды көдімгідей алдап, түрлі ғылыми дәлелденбеген әдіс-тәсілдерді ұсынады. Өйтеуір, бұл саланы да пайданын көзіне айналырып жатқандар көп. Шынымен, бұл балаларға көмектесетін, өзінің де ерекше баласы бар, баланы жетістікке жеткізіп, сол істері арқылы өздері оқып, осы жұмыспен айналысатын тәжірибелі мамандар өте аз. Меніңше, ерекше баламен күнделікті бетпе-бет кездескен адам ғана оқыған теорияны практикаға айналдыра алады. Үкімет тарапынан осындай ата-аналарды іріктеп, соларды ұйымдастырып, қаражат бөліп, сонына дейін оқытып, солар арқылы бүкіл Қазақстанға ерекше баламен жұмыс істеу тәжірибесін таратуымыз керек. Сонда ғана бізде жүйе болады, — дейді Д.Ажмолдаев.

Ерекше жандарға деген сүйіспеншілік мәдениетін қалыптастыру, ізгілікті, тең құқылы қоғам құру — әрбір адамның жауапкершілігіне байланысты дейміз...



БАБА РУХЫ ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН

Ежелден Өзбекстанның Нұрата жері әйгілі Әйтеке би бабамыздың мәңгілік дамыл тапқан мекені саналады. Сондықтан да болар, қазақ тарихында үш жүздің бірі ретінде танылып, халқымыздың біртұтастығын сақтауда ел есінде қалған баба рухына өзбек ағайындардың құран бағыштауы әсте бекер емес.

КОС ӨНІРДІҢ ӨРІСІ КЕНЕЙДІ

Өзбекстанның Науай облысы Нұрата ауданында Әйтеке би Байбекұлымен қатар оның бабасы Сейтқұл әулие де жатыр. Жыл сайын осы қос тұлғаның зираты орналасқан киелі мекенге мыңдаған халықтың ат басын бұруы, екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан бетер нығайта түскенін аңғартады.

Жалпы, 2000 жылдардың басында жергілікті халықтың бастамасымен осы өңірден Әйтеке бидің зираты табылып, зерттеу жұмыстары жандана түсті. Бертін келе, 2009 жылы баба ұрпақтары жергілікті қазақтармен бірлесіп, еңселі кесенені тұрғызды. Бүгінде сол маңға мешіт, музей, шырақшыға арналған үй-жай салынған. Тарих парактарында Сейтқұл әулиенің XVI ғасырда Сыр өңірі Қазалы ауданынан Нұратаға 40 мың отбасымен қоныс аударғаны айтылады. Ал Әйтеке бабамыздың 25 жасында би атанып, елдің тұтастығын сақтауда ерен еңбек сіңіргені белгілі.

Қызылорда мен Науай облысының өзара ынтымақтастығы 2022 жылы жанданды. Сол жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Өзбекстанға мемлекеттік сапарымен барғаны белгілі. Осы сапарда қос елдің басшылары алдында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен Науай облысының хокими Нормат Түрсунов екіжақты ынтымақтастықты дамытуды көздейтін арнайы Жол картасына қол қойды. Аталған Жол картада екі өңір арасындағы әріптестік байланысты нығайтып, сауда-экономикалық ынтымақтастықты арттырып, жаңа жобаларды жүзеге асыру көзделген.

ӨЗБЕК ЖЕРІНДЕГІ ӨЗГЕШЕ ШАРА

Ерте көктемнен екі мемлекет өкілдерін қауыштырған биылғы Әйтеке бидің 380 жылдығына жиналған жамағаттың қарасы қалың болды. Үш күнге созылған салтанатты шараны Науай облысы әкімдігі ұйымдастырған.

Науай облысында өткен биылғы жиын өзгеше өрнекке толы болды. Бұл екі облыс басшыларының ынтымақтастығы аясында жүзеге асырылғанын айта кету керек. Соның негізінде Өзбек жеріне Сыр өңірінен Қызылорда облыстық филармониясы арнайы барып, өз өнерлерін паш етіп қайтты.



«Қызылорда облысы әкімінің қолдауымен Өзбекстан жеріне іссапар ұйымдастырылды. Оған Қызылорда облыстық филармониясынан 40 адам барды. Атап айтқанда, «Томирис» би ансамблі, «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі, жергілікті жыр ауларымыз, айттыскер ақындарымыз арнайы ат басын бұрды. Концертімізді Сыр өңірінің дәстүрлі нақышын айшықтайтындай негізде ұлттық аспаптарымызды пайдалана отырып өткіздік. Яғни, өзіміздің қазақи болмысымызды сақтай отырып, Сыр өңірінің дәстүрлі өнерін дәріптейтіндей дүние жасадық. Шара жоғары кәсіби деңгейде өтті деп



айта аламын. Көрермендердің көптігінен көз сүрінді. Халық залға сыймай қалды. Жергілікті жұртшылықтың қолдауын да сезіндік», — дейді Қызылорда облыстық филармониясы басшысының орынбасары Азиза Іздіқұлова.

Өзбек топырағында өткізген «Достық сазы» атты концерттік бағдарламада би, фольклор ансамбльдерінен бөлек, өнер көгінде қалықтаған тұлғалар да бой көрсетті. Соның ішінде «Құрмет» орденінің иегері Шолпан Бимбетова, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері Ақмарал Ноғайбаева, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Майра Сәрсенбаевалар арнайы барды. Бұдан өзге халықаралық конкурстардың лауреаттары Б.Төлеубай, М.Сүгірбай, айттыскер жас ақын әрі жырау Б.Орынбасар, әнші А.Табынбаев, Б.Қарғабаев, С.Тасбергеновалар да өнер көрсетіп, көрермендердің ерекше құрмет-қошеметіне бөленді.

«Бұл күні Сыр өнерпаздарының концерттік бағдарламасынан бөлек, ақындар айтысы ұйымдастырылып, жерлесіміз Мұхтар Ниязов бас жүлдені қанжығасына

байлап қайтты. Бұдан өзге, екі мезгіл ас беріп, бәйге ұйымдастырды. Шараға қазақтың игі жақсылары түгел жиналды десек те болады. Жалпы, шара жоғары деңгейде өткізілгені байқалды. Көрермендердің Сыр өнерпаздарына деген ықыластары да ерекше болды. Концертті өздерінің жергілікті фольклорлық ансамблі ұлттық нақыштағы әуендерімен ашып берді. Шара соңында өзбек ұлттық өншісі «Қазақстан мен Өзбекстанның достық арнасы» деген тақырыптағы керемет әнімен жапты», — деп әсерімен бөлісті Азиза Гәжденбекқызы.

Шыны керек, бұл облыстық филармонияның Өзбекстанға жасаған алғашқы гастрольдік сапары емес. Бұған дейін де көрші мемлекетке жиі іссапармен барып тұрады. Бұл тұрғыда екіжақты шығармашылық байланысы өте жақсы қалыптасқан. Нақты тоқталар болсақ, 2019 жылы Өзбекстан Республикасы, Навой қаласы, Фарход мәдениет сарайында Қызылорда облыстық филармониясының Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі және жеке орындаушылардың «Сырдария — достық арнасы» атты концерті болып өткен еді. Аталмыш бағдарлама мемлекетаралық достықты нығайту және бауырлас халыққа қазақ жұртының мәдени мұрасын, ұлттық өнерін насихаттау мақсатында ұйымдастырылған болатын. Ал 2022 жылы Базар Жыраудың 180 жылдығына орай «Жыр керуені» танымдық-зерттеу экспедициясы ұйымдастырылды. Сол уақытта да филармония жыр аулары Амандық Бүрлібаев, Әділхан Қуанбаев, Марат Сүгірбайлар Өзбекстан Республикасына арнайы шығармашылық іссапармен барған. Бұл жолғы шара осы сынды игі бастамалардың жарасымды жалғасын аңғартты.

Осы орайда, бір кездері тұтас қазақтың қамын күйттеген тарихи тұлғаны ұлықтаған бұл тағылымды шара еліміздің өзге өңірлерімен қатар, Ресей мен Германиядан келген қандастарымыздың да басын қосқанын айта кеткен абал.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

ҚАЗАҚША ДУБЛЯЖДЫҢ ЖҮТІ АУЫР



Бүгінде дубляж арқылы қазақ тілінің қолданысы кеңейді. Былтырдан бастап Ұлттық кино орталығы осы сала үшін конкурстар жариялай бастады.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗДЫ

Ұлттық кино орталығы Басқарма төрағасының киножобалар мониторингі жөніндегі орынбасары Бауыржан Шөкенов дубляж саласындағы жаңалықтармен бөлісті.

«Мемлекеттік тапсырыстар бойынша конкурс жариялап, нәтижесінде дубляж саласындағы жобаларды қаржыландырып жатырмыз. Алдымызда тұрған ең үлкен мәселе осы. Мұндай конкурс былтыр басталды, былтыр екі рет жариялағанбыз, биыл үшінші рет мемлекеттік тапсырыстың хабарландыруын жасадық. Дубляж үшін мемлекет жылына 400 миллион теңге бөледі. Бірақ конкурстың өзіндік талаптары бар. Бұл конкурс 21 мамырға дейін жалғасады. Еліміздегі ең көп дубляжбен айналысатын студия ретінде Meloman-ды айтар едім, әрі ол біздің ең үлкен дистрибьютеріміз. Біз қаржыны қазір тек отбасылық, анимациялық фильмдерге бөліп жатырмыз», — дейді Б.Шөкенов.

САПАСЫ ЖОҒАРЫ ФИЛЬМДЕР ДЫБЫСТАЛУЫ КЕРЕК

50-ге жуық әлемдік фильмдерді, Disney, Pixar, Marvel, XX Fox сияқты бірқатар компания өнімін қазақ тілінде дыбыстаған Disney компаниясының дубляж режиссері Шах-Мұрат Ордабаевтың айтуынша, аталған саладағы заң жобалары әлі де біржақты жүйеге түспеген, қазақтілді дубляждың кең таралуына субтитр кедергі келтіреді. Егер осы жылы қазақша дыбысталған фильмдердің қасалық көрсеткіші жоғары болып, көрермен арасында кең тараса, келесі жылы қазақша дыбысталатын фильмдердің қатары көбеюі әбден мүмкін. Сала режиссерінің пайымдауынша, бұл тікелей осы жылдың көрсеткішіне байланысты.

— Саладағы кәсіпбилді Ресейдегі Останкино телерадиокомплексіндегі дубляж мамандарының тәжірибесін алып бастадым. Одан бөлек, Ұлыбританиядағы үлкен дубляж студияларының өткізген шеберлік сабақтарына қатысып, шығармашылығымды шыңдадым. Өйткені Қазақстанда осы саладағы мамандар аз. 2011-2021 жылдар аралығында «Болашақ» корпоративтік қорының қаржыландырылуымен 47 фильм дыбысталған



болатын. Кейін Мәдениет министрлігіне ауысқан соң, мемлекет тарапынан бөлінген қаржыға бір жылдың ішінде үш фильм қазақ тілінде дыбысталды: «Аватар», «Қара қабылан: Ваканда жасасын» және «Аватар: су жолы 2». 2023 жылы қаржыландыру тоқтап, бірде-бір фильм қазақша дыбысталмады. 2024 жылы Disney компаниясы Meloman компаниясының Instagram парақшасында ресми жаңалық жариялады: фильм компаниялардың өз тарапынан қаржыландырылатын болды. Атап айтсақ, Disney компаниясының дубляжында былш шығатын фильмдердің қатарында «Ойжұмбақ-2», «Муфаса: Арыстан патша», «Моана 2» тұр, — делді. Ұлттық кино орталығы шетелдік фильмдерді дубляждауға конкурс жариялаған болатын. Бірақ алғашқыда конкурсқа өз фильмдерін ұсынғандардың саны жоқтың қасы болғаны рас. Мұндай конкурс жарияланғаннан бастап қазірге дейін дубляжбен айналысатын үлкен компаниялардың бірде бір қазақша дыбысталған фильмі жоқ.



— Walt Disney, Warner Brothers, Paramount Pictures Corporation фильмдері, өкінішке қарай, әлі дыбысталған жоқ. Не де болса, үздік фильмдер дыбысталса деген тілек бар. Еуропаның, ТМД елдерінің, Қытай мен Азияның В, С, D категорияларындағы сапасы төмен көп фильм жарыққа шығады. Бірақ қазақша көрсетілімге А деңгейлі, болашақта Оскар, Golden Globe Award, Канн фестивальдерінде үздік орын алатын, әлемдік компаниялардың, танымал режиссер, актерлердің қатысуымен болған фильмдер қазақша дыбысталуы керек деп ойлаймын, — деп ойымен бөлісті Шах-Мұрат Ордабаев.

ДУБЛЯЖ АКТЕРІНІҢ ТАБЫСЫ — ӨЛМЕСТІҢ КҮНІ

Азамат Қанапия — қазақ тіліне тәржімаланған бірқатар шетелдік фильм, сериалдың дыбыстаушысы. Айтуынша, дубляж саласының өткені мен бүгінде айтарлықтай өзгерістер жоқ. 2001 жылы дубляжға ерекше ден қойылған кезде дыбыстаушыға төленген 3 500 теңге қазір 4 000 теңгеге ғана өскеніне қынжылатынын айтты.

— Қазақ тіліндегі дубляж қазаққа ғана керек. Осы арқылы тіліміздің қолданыс аясын кеңейте аламыз. Жалғыз мысал, қырғыз депутаты Балапан арнасын көріп, балаларымның бәрі қазақша сөйлеп кетті деп шыршылап еді. Дубляж бұрын болмаған кезде көп адам шоржақ сөйлейтін. Мұны айтуымның себебі дубляж сөздік қордың көбеюіне жақсы ықпал етті. Бірақ бұл саланың маманы «шықпа, жаным, шықпа» деп өлместің күнін кешіп жүр десем де болады. Қазір телеарналардағы бір сериалдың ұзақтығы — 45 минут. Оның дыбыс құны — 4 000 теңге. Бір күнде көп дегенде бес сериалды дыбыстау үлгеруі керек. Егер дубляж актерінде шапшаңдық болмаса, табысында осу де болмайды. Бәрін қаржыға тіреп қоюдың қажеті шамалы. Көрермен алдында дубляж актерінің жауапкершілігі өте жоғары. Өйткені аудармашы аударды, редактор тексеріп шығады. Мысалы, 2001 жылдары редакторлар Тұрысбек Сәукетай, Заманбек Әбдеш, Нұрлан Қари сияқты мүйізі қарағайдай, Жазушылар одағында отырған кісілердің барлығы дерлік редактор болып еді. Қазір редакторлар кімдер екені белгісіз, — дейді ол.

Қазір ҚХР қандастарымыздың тапсырысымен сериалдарды дыбыстап жүрген Азамат Қанапия синхронды дубляждап гөрі, телесериалдарды дыбыстаудың жауапкершілігі жоғары екенін атап өтті. Айтуынша, елімізде осы саланың алдында әлі де шешімін таппай тұрған

мәселе көп. Дубляжға жыл сайын бөлінетін қаржыны шетелдікпен салыстыруға да келмейді. Азамат Қанапия әлемдік үздік кинотуындыларды қазақша «сөйлететін» мамандардың қызметін қазір еліміз, қоғам өз денгейінде бағаламайды деген пікірді алға тартты.

— Бұл салаға айтарлықтай көңіл бөлінеді деп айта алмаймын. «Болашақ» қауымдастық қорына Бауыржан Байбек демеушілік еткен кездерде біраз фильмді дубляждағанбыз. Ал мемлекет тарапынан қолдауды көріп отырғанымыз жоқ. Біріншіден, Ресейден кеткен бүкіл дистрибуторларды тартып алу керек еді, қосымша қазақша жазып таратуға болады. Бұл — өз ойым. Дегенмен қазір бұл салаға жастар қызығушылық танытып, келіп жатыр. Әрине, жастар келуі керек, олар — қазақ тілі болашағының «әскері». Дубляждаудың да өзіне артылған жүгі бар. Дауыстың қанық, әдемі болғаны жеткіліксіз, бірінші сөйлеу техникасын меңгеру керек, тіпті демді дұрыс ұстаудың да ережесін сақтаған дұрыс, — деп бірқатар міндетті атап өтті.

ЖЕР – БАЙЛЫҚТЫҢ АНАСЫ



Ел дамуының маңызды мәселелері қозғалған республикалық референдумда Ата Заңмызға енгізілген өзгерістің бірі жерге байланысты болды. Онда айтылғандай, «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі». Сондықтан мемлекет мүддесіне, халық игілігіне пайдаланылуға тиісті.

Болат АБАҒАН

Осы орайда Жетісуда соңғы жылдары жердің жалпы жұрт үшін қызмет етуін жолға қою жолында нақты жұмыстар атқарылуда екенін айта кеткен жөн. Жылдар бойы қараусыз жатқан жер телімдері мемлекетке қайтарылып, қолынан іс келетін, ел ертеніне аландайтын іскер жандарға берілуде. Жер игеруге де жете мән беріліп, жана технологиялар кеңінен қолданысқа егізілуде. Соған сай өткен жылы Жетісу облысы дөңді дақылдар түсімі бойынша елдің алдынан көрінді. Ендігі мақсат – осы биіктен төмендемеу.

Жақында облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының ұйымдастыруымен Ескелді ауданындағы «Хильниченко және К» сенім серіктестігіне қарасты қант қызылшасы егістігін басында Алқап күні өтті. Осы жерге арнайы келген облыс әкімі Бейбіт Исабаев Ескелді, Қоқсу, Каратал, Ақсу аудандары мен Талдықорған қаласындағы шаруа қожалықтарының жетекшілерімен кездесіп, биылғы егістікке қатысты мәселелерді, талқыларды, шаруа адамдарының өтініш-тілектерін тыңдады. Дикандар аграрлық саланы дамытуға қатысты ұсыныс-пікірлерін жеткізіп, қаржылық институттардан жеңілдетілген несиелер алуға қатысты кейбір мәселелерді қозғайды. Солардың ішінде әсіресе қазақбастылық қажытқанын айрықша атап кетті. Жергілікті әкімдік, қаржылық институт өкілдері және шаруашылық жетекшілері осы тақырып төңірегінде ұшжақты талқылау жасап, ортақ мәселелердің шешімі жайлы өз ойларын ортаға салды.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев облыс аумағындағы көктемгі егіс науқанының барысы, тұқыммен, минералды тыңайтқышпен техникамен қамтамасыз ету деңгейі, МТС-тарды

жанарту, мемлекеттік қолдау шаралары туралы аса ауқымды баяндама жасады. Оның айтуынша, егіс алқабын әртараптандыру аясында дөңді дақылдар 10,5 мың гектарға, картоп 880 гектарға қысқарып, осылардың есебінен басымдыққа ие дақылдардың егіс көлемі 18,1 мың гектарға ұлғайтылыпты. Қазір 274,7 мың гектарға немесе 69,8% жаздық дақылдар себілген. Шаруашылықтар 18,5 мың себу бірлігі болатын қант қызылшасы тұқыммен қамтылыпты. Биыл қолданылатын элиталық тұқым үлесін 2,6%-ға жеткізу жоспарланған. Былтыр облыста 350 мың тонна қант қызылшасы өңделсе, биыл бұл көрсеткішті 500 мың тоннаға жеткізу көзделіп отырған көрінеді.

Бүгінгі күні облыста 22,3 мың ауыл шаруашылығы техникасы тіркелген. Бірақ іс жүзінде олардың көпшілігінің тозығы жеткені рас. Сондықтан сіздерге, шаруа қожалықтарына, өздеріңізді тіркеліп тұрған техниканың жарамсыз есептен шығаруды жеделдету керек. Биыл біз қызылша бағытында 8 сервистік-дайындау орталығын құрдық. Сепкіштерді аудандарға таратып бердік. Комбайндар күзгі жиындарға дейін жеткізіледі. Жалпы саны 62 техника алуға жоспарлап отырмыз, – деген облыс әкімінің бірінші орынбасары су шаруашылығы нысандарын жаңғырту жобаларының барысы жайлы да егжей-тегжейлі айта кетті.

Жиына арнайы келген аграрлық салаға қолдау көрсететін қаржылық институттардың өкілдері жеңілдікпен несиелер беру мен мемлекеттік бағдарламаларға қатысу шарттары туралы жан-жақты түсіндірді. Сол сияқты жеткізуші компаниялар өздері ұсынатын тыңайтқыштар мен биологиялық қоспалардың, жаңа ауыл шаруашылығы техникаларының тиімділігін, өнімділікті арттырудағы мүмкіндіктерін таныстырып, көрме ұйымдастырды.

Шаруашылық жетекшілері өздерін толғандырған көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыру, жеңілдетілген несиелер алу үшін кепілдік қояудың мән-жайы, аграрлық салада жаңа бизнес ашу мүмкіндіктері, бақ шаруашылығын, соның ішінде құлпынай өсіруді дамытуға қатысты қаржылық институттардың өкілдеріне сұрақтар қойып, осы мәселелерге қатысты өз ұсыныстарын жеткізді.

Тіршіліктің негізгі көзі ет, сүт, көкөніс пен жеміс десек, соның бәрінің өнімді болуы жермен тиімді жұмыс істеуге тікелей байланысты. Мәселен, былтыр 325 мың гектар егіс алқабынан 3 914 мың тоннадай дөңді дақыл жиналды. Бұл – дөңді дақылдардың көлемі бойынша республикада 4-ші көрсеткіш. Яғни, жер көлемі айтарлықтай үлкен болмаса да, одан жиналған өнім көлемі жағынан алғаш рет төрттік қатарынан көріндік. Бұл, біріншіден, өлкеміздің топырағы құнарлы, суы мол, климаттың қолайлы екенін білдірсе, екіншіден, өздеріңіздей шаруалардың агротехнологиялық шараларды дер кезінде жүргізіп, тынбай еңбектенуінің нәтижесі. Былтыр жүгері өткізу жағынан біршама қиындық туындады. Біз биыл егістікті әртараптандыру аясында жүгері алқабын азайтып, есесіне бүгінгі күні табысты болып отырған қант қызылшасының, майлы дақылдардың, мал азығының егістік аумағын ұлғайттық. Өнімнің шығымы жақсы болуына мемлекет қолдауы қажет.

Биыл облыста ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 7 мың гектарға ұлғайтылып, 524,8 мың гектарды құрап отыр. Соның ішінде қант қызылшасын 11,5 мың гектарға сеуіп, 500 мың тонна өнім жинау жоспарланған.

Жетісу облысы



– Бүгінгі күні облыста 22,3 мың ауыл шаруашылығы техникасы тіркелген. Бірақ іс жүзінде олардың көпшілігінің тозығы жеткені рас. Сондықтан сіздерге, шаруа қожалықтарына, өздеріңізді тіркеліп тұрған техниканың жарамсыз есептен шығаруды жеделдету керек. Биыл біз қызылша бағытында 8 сервистік-дайындау орталығын құрдық. Сепкіштерді аудандарға таратып бердік. Комбайндар күзгі жиындарға дейін жеткізіледі. Жалпы саны 62 техника алуға жоспарлап отырмыз, – деген облыс әкімінің бірінші орынбасары су шаруашылығы нысандарын жаңғырту жобаларының барысы жайлы да егжей-тегжейлі айта кетті.

Жиына арнайы келген аграрлық салаға қолдау көрсететін қаржылық институттардың өкілдері жеңілдікпен несиелер беру мен мемлекеттік

ИНВЕСТИЦИЯЛАР ИНДУСТРИЯНЫ ДАМУАТТАДЫ

Алматы облысында өңір дамуының өзекті өркендеу жолдары қарастырылып, инвестициялар тарту, тиімді ынтымақтастықтар орнату мақсатында нақты жұмыстар атқарылуда. Күні кеше облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев Қытай Халық Республикасының біздің елдегі Бас консулы Цзян Вэй ханыммен кездесті. Екі жаққа да пайдалы болады деп болжанып отырған іскерлік жүзесу бұған дейінгі экономикалық байланыстарды одан ары нығайта отырып, өзара тиімді ынтымақтастықтардағы тың мүмкіндіктерге жол ашатын аса маңызды қадам болып саналады.

Содан да болар, кездесу барысында талқыландырылған мәселелердің басында Қытай мемлекеті мен Алматы облысы арасындағы сауда қатынастарын барынша кеңейтуге қатысты сауал тұрды.

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев көрші елмен екі арадағы мемлекеттік шекарада орналасқан «Қалжат» пен «Нарынқол» өткізу бекеттерін дамыту екі ел арасындағы тауар айналымын арттырып, нығайтуға аса қомақты үлес қосатынына ерекше тоқталды.

«Алматы облысы мен Қытай арасындағы тауарлар мен қызметтер алмасуды арттырудың әлеуеті аса зор. Сауда-саттықты кеңейту экономиканы әртараптандыруға және даму мен өркендеудің тың мүмкіндіктерін қарастыруға жол ашады. Сондықтан екі тарап арасында өзара түсіністіктегі әрі тиімділіктегі қарым-қатынас қалыптастыру аса маңызды», – деп атап өткен облыс басшысы дәл қазіргі кезде өңірде ҚХР инвесторларының қатысуымен бірқатар жоба жүзеге асқанын айта келе, алдағы кезге жоспарланған шаралардың да біраз екеніне назар аудара кетті.

Нақтырақ айтқанда, Kelun-Kazpharm ЖШС фармацевтикалық зауытының өндірісі іске қосылып, «Жетісу Энергиясы» ЖШС Энергияның жанартылатын көздері жобасын жүзеге асырған. «Жібек жолы» компаниясы ауыл шаруашылығы саласын дамыту аясында тамшылатып суару жүйесі үшін құрамдастар өндірісін, малға арналған жемге азықтық қоспалар өндірісі үшін дөңді дақылдарды қайта өңдеуді іске қосқан. Сонымен бірге фиброцементті плиткалар мен рельстік бекіткіштер, талшықты су сақтағыш технологиялар шығаратын зауыттың құрылысы аяқталып,



қолданысқа берілген. Осынау жүзеге асырылған және қолға алынып жатқан жобалардың барлығы қос тараптың экономикалық даму мәселелерін шешудегі өзара табысты қарым-қатынасына нақты дәлел бола алады.

«Қытайлық инвесторлармен өзара табысты әрекеттестік облыстың экономикалық дамуындағы басты бағыттардың біріне айналды. Екі жақ бірлесе отырып, жүзеге асырып жатқан жобалар өңірдегі өндірістің түрлерін арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын көптеп ашуға мүмкіндік туғызады және жергілікті экономиканы ынталандыруға серпін береді. Сонымен бірге мұндай инвестициялар индустрияны жан-жақты дамытуға жол ашып, жұмыс күшінің кәсіби деңгейін арттыратын технологиялар мен білімдерге қол жеткізуге мол мүмкіндік береді. Қытаймен екі арадағы ынтымақтастықтағы тиімді тәжірибе өңір экономикасындағы тағы басқа да секторларды дамытуға серпін беріп, жаңа инвестициялар әкелуді барынша ынталандырады сөзсіз», – дейді Марат Сұлтанғазиев.

Облыс әкімі өз сөзінде қытайлық кәсіпкерлердің қатысуымен облыс экономикасының түрлі саласында ірі жобалар жүзеге асырылып жатқандығына, олардың қатарында Gezhouba Cement Company Ltd цемент зауытының құрылысын, «Жетісу Вольфрам» ЖШС кен-байыту компаниясының құрылысын мен вольфрам кеніштерін игеруді, QazMetProduct ЖШС дайын болат сымдар өндірісін және тағы да басқа жобаларды іске қосу жоспарланып отырғанын атап өтті.

Бүгінде ҚХР инвесторларының атысалысуымен тиімділігі жоғары болады деп болжанған 11 жобаны жүзеге асыру ойластырылуда. Олардың қатарында ТВЕА компаниясының трансформатор зауытының құрылысы, Yulin irrigation компаниясының тракторлар мен ауыл шаруашылығы техникаларын құрастыратын зауытының құрылысы және суландыру жүйесін іске қосу сынды аса ірі жобалар бар.

Бас консулмен жүздесу соңында облыс басшысы Алматы облысының шетелік инвесторлар үшін аса тартымды аймақ болып саналатындығына тағы бір мәрте тоқталды. 2023 жылдан бергі кезеңде тек қана көршілес жатқан Қытай Халық Республикасы өкілдерімен 200 бизнес-кездесу өткізілгені де бұл сөзге айғақ бола алады. Сонымен бірге инвесторлар тарапынан қызығушылықтың артуы өңірдің аса зор инвестициялық әлеуетін білдіріп, экономикалық тұрақтылығын аңғартады. Биылғы мамырдағы жағдай бойынша, Алматы облысының инвестициялық портфелінде жалпы сомасы 3,4 трлн теңге болатын 189 жобаның бар екендігін және олардың ішіндегі жалпы сомасы 268 млрд теңгені құрайтын 10 жобаның Қытай Халық Республикасы кәсіпкерлерімен бірлесе жүзеге асырылып жатқанын да атап кеткен жөн.

Б.ҚАБДЕШҰЛЫ,
Алматы облысы

«Кенсе жайларын жинау» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ., 050050, Бөкенбай батыр көшесі, 83А, БСН 070440008399, мекенжайында орналасқан «Клининг Регион» ЖШС-ның тендерлік өтінімі «Кенсе жайларын жинау» қызметтерін сатып алу бойынша жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-01-50.

Объявление об итогах открытого тендера по закупке услуги «Уборка офисных помещений»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке услуги «Уборка офисных помещений» тендерную заявку ТОО «Клининг Регион», Республика Казахстан, г. Ақтөбе, ул. Бөкенбай батыра, д. 83 А, БИН 070440008399.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-01-50.

«Кенсе жайларына техникалық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ., Бөкенбай батыр көшесі, 83А, БСН 070440008399, мекенжайында орналасқан «Клининг Регион» ЖШС-ның тендерлік өтінімі «Кенсе жайларына техникалық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу бойынша жеңімпаз болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-01-50.

Объявление об итогах открытого тендера по закупке услуги «Техническое обслуживание офисных помещений»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем по закупке услуги «Техническое обслуживание офисных помещений» тендерную заявку ТОО «Клининг Регион», Республика Казахстан, г. Ақтөбе, ул. Бөкенбай батыра, д. 83 А, БИН 070440008399.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-01-50.

2024 жылы 27 мамырдан бастап «Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің техникалық-экономикалық негіздемесін инфрақұрылымды дамытудың бас жоспары бөлігінде түзету және функционалды аймақтарға бөлу» жобасы бойынша 20 жұмыс күні ішінде талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттамамен, ескертулер мен ұсыныстар беру үшін Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz/> «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлігінде танысуға болады.

Жобаға тапсырыс беруші – «Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ, тел. 872342 2-93-45.

Жергілікті атқарушы орган – «ШҚО Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. 87232 25-72-06.

Проводятся общественные слушания в форме публичных обсуждений с 27 мая 2024 года в течение 20 рабочих дней по проекту «Корректировка технико-экономического обоснования Катон-Карагайского государственного национального природного парка в части генеральной плана развития инфраструктуры и функционального зонирования».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/> в разделе «Опубликованные общественные обсуждения», для предоставления замечаний и предложений.

Заказчик проекта – РГУ «Катон-Карагайский государственный национальный природный парк», тел. 872342 2-93-45.

Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ВКО», тел. 87232 25-72-06.

«Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ жоғары оқу орындарының профессор-оқытушы құрамы лауазымдарына конкурстық орналасуы Ережелеріне сәйкес, бос қызмет орындарына (профессор, қауымдастырылған профессор (доцент), оқытушы-дәріскер, оқытушы-ассистент лауазымдарына) конкурстер жариялайды. Бос орындар туралы мәліметтерді және құжаттарды тапсыру мерзімі <https://zhetysu.edu.kz> сайтынан көруге болады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- Басқарма төрағасы-Ректордың атына жазылған өтініш;
- Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы, өмірбаян;
- Жоғары білімі, академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдарының, ғылыми атағы туралы аттестатының нотариалды расталған көшірмелері;
- Біліктілігін жоғарылату және қайта даярлаудан өткені туралы сертификаттарының көшірмелері (соңғы 3 жыл);
- Ғылыми жұмыстары мен өнертабыстарының (бар болса) тізімі;
- Мінездеме;
- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша түлғаның қылмыстық құқықбұзушылық жасауы туралы мәліметтердің бар не жоқ екендігі туралы анықтама;
- № 075/У медициналық анықтама;
- Тіркеуде тұрмайтыны туралы наркологиялық және психоневрологиялық ұйымдардан анықтама.

**Құжаттар тапсыру мерзімі: хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 күн. Құжаттарды мына мекенжайға тапсыру керек: Талдықорған қаласы Жансүгіров к., 187а
І. Жансүгіров атындағы ЖУ
Персоналды басқару және құжат айналымы бөлімі, тел. 22-00-51**



ОТБАСЫЛЫҚ ЭСТАФЕТА

БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен 1993 жылы 15 мамыр Халықаралық отбасы күні деп жарияланды. Осы атаулы күнге орай елордада қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының бастамасымен Халықаралық отбасы күніне орай жас отбасылар арасында «Көңілді старт» отбасылық эстафетасы өтті.

Наурызбек САРША

Жарыстың ашылу салтанатына Астана қаласының эстетикалық гимнастика федерациясының президенті Мәдина Бектұрғанова мен Астана қаласы мәслихатының депутаты Динара Байсеркина қатысып, қатысушыларға сөзгілік тіледі. Жас отбасылар арасында спорттық рухты тәрбиелеу және отбасылық қатынастарды нығайту мақсатында өткен

жарысқа 30-дан аса жас отбасы қатысты. Жастар саясаты мәселелері басқармасы Жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің басшысы Ажар Сарғубеновтың сөзінше, жарысқа қатысуға жалпы 50-ге жуық өтініш түскен.

«Бүгінгі спорттық жиын жас отбасылар арасында саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған. Отбасылық эстафета жыл сайын өтеді. Бізде «Отбасы – бақыт мекені» жобасы бар. Осы жоба аясында каламызда жыл соңына дейін бірнеше шара ұйымдастырылады. Бүгінгі сайысқа

бізге 50-ге жуық отбасы өтініш білдірді. Қазір 30-дан аса отбасы сайысқа түсіп жатыр. Жарыс шарты бойынша отбасылық эстафетаға 35 жасқа дейінгі елордалық жас отбасылар қатысады», – дейді Ажар Сарғубенова.

Жалпы, эстафета екі кезең бойынша өтті. Бірінші іріктеу кезеңінде жас отбасылар ұзындыққа секіру және допты сақинаға лақтыру сайыстарында бақ сынады. Үздік көрсеткіш көрсеткен 15 отбасы екінші кезеңге жолдама алды. Шешуші кезеңде жас отбасылар жыдам жүгіру



және қаппен секіру сияқты 5 түрлі ойынға қатысты.

Жарыс нәтижесі бойынша бірінші орынды Хурметбектер отбасы иеленсе, екінші орынды Жұмаділ отбасы алды, ал үшінші орынды Мұратов отбасы қанағат тұтты. Жарыс соңында үздік отбасыларға қаржылай сыйлық берілді. Одан бөлек, белсенді жас отбасыларға бағалы сыйлықтар табысталды.

ЭКОСАНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ФЕСТИВАЛЬ



Астанада әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында Білім басқармасының қолдауымен «Астана дарыны» дарынды балалар мен дарынды жастарды анықтау және қолдау орталығы ұйымдастырған экофестиваль өтті. Іс-шараның мақсаты – мектеп оқушыларының назарын экология мәселелеріне аудару.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Астана әкімдігінің дарынды балалар мен дарынды жастарды анықтау және қолдау жөніндегі директоры Жанар Бейсенбаева Мемлекет басшысының бастамасымен «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында өткізілген қалалық экофестиваль оқушылар үшін маңызын айтып берді.

– Іс-шараның басты – мақсаты оқушылардың бойында экологиялық мәде-



ниетті қалыптастыру және оқушыларды елордадағы экологиялық мәселелерді шешуге тарту, табиғатқа ұқыпты қарым-қатынас жасау арқылы тұрмыстық қал-

дықтарды қайта өңдеп, жаңа дүние жасауға болатынын түсіндіру. Бұл балалардың ойлау қабілетін жақсартып, ұсақ моторикасын дамытуға көмектеседі. Жиылған оқушылар экология тақырыбында шеберлік сыныптарын, макеттерді, ғылыми жобаларын көрсетіп, экологиялық проблемаларға өз шешімін ұсынды. Яғни, қайталама шикізаттан жасалған туындыларын жасап, қоқыстарды кедеге асыра алды. Сонымен қатар көрмеде күнделікті өмірде қолдануға болатын өте әдемі экспонаттар бар. Бүгін елорданың барлық 97 мемлекеттік мектебі мен 50-ден астам жекеменшік оқу орнының оқушылары жиналғанын атап өткіміз келеді, – делі Жанар Бейсенбаева.

Сағат 16.00-ге дейін созылған экофестиваль бағдарламасы түрлі форматтағы іс-шараны қамтыды: ғылыми жобалардың тұсау-кесерлері, тұрмыстық қалдықтардан жасалған колонер бұйымдары, «Fashion шоу», «Экожаз» концерттік бағдарламасы және тағы басқалар. №91 мектептің оқушысы Темірлан Мұздыбаев өзі жасаған сенсорлы қоқыс жәшігімен таныстырды.

«Сенсорлы жәшікті қаладағы мектептерге орнатқым келеді, бұл арқылы кез келген адам кішкентай кезінен бастап қоқыстарды сұрыптауды үйренетін еді. Қағазға, қатты тұрмыстық қалдықтарға, пластикке және әйнекке арналған арнайы контейнерлер бар. Батарейлар мен органикалық қалдықтар да бөлек сұрыпталады. Жәшікке түскен қалдықтарды кейін қайта өндіруге болады. Мысалы, өңдеуден өткен қоқыстардың ішіндегі компост ауыл шаруашылығы үшін маңызды. Осы идеядағы жұмыстың мақетін жасауға бір айға жуық уақыт кетті», – дейді ол.

Сонымен қатар кең аудиторияға арналған экофестиваль әр бөлімі бойынша №15 мектеп-лицейінің 6-сынып оқушысы Томирис Есімнің «Қыс ханшайымы» костюмі, Астана қаласының №6 гимназиясының 10-сынып оқушылары Марья Төлеу мен Таслима Сағитованың материал қалдықтарынан және пластикалық бөтелкелерден жасалған бітіру кешіне арналған көйлегі, №67 гимназияның оқушылары Жанася Ахметова мен Шағал Абдель аутизм және сал ауруы бар балаларға арналған оналту орталығының макеті және осыған ұқсас ерекше туындылар ұсынылды.



ШЫҒАРМАШЫЛ ЖАСТАРДЫҢ БАСЫН ҚОСТЫ

Қарағандыдағы «Достық» үйінде талантты жастардың басын қосып, бүгінгі әдебиеттің бағытын талқылау мақсатында қолға алынған «Қарағанды көктемi» поэзия фестивалі өтті.

Облыс әкімдігі мен Қарағанды қаласы әкімдігінің қолдауымен екінші мәрте өткізіліп отырған фестиваль биыл екі күнге созылды. Шараның ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің құттықтауын жеткізді.

Екі күн бойы фестиваль қатысушылары кеншілер астанасының мәдени өмірімен танысты, шығармашылық индустриядағы жазушылардың ролі және зияткерлік еңбекті қалай тиімді сату сияқты маңызды тақырыптарды талқылады. Сондай-ақ фестиваль аясында қатысушылар Қарағанды тау-кен индустриалды колледжінің мұражай-шахтасына түсті.

– Фестиваль алғаш рет былтыр ұйымдастырылды. Содан кейін оған Әзербайжан, Түркиядан танымал ақындар қатысты. Бұл – ақындар мен жазушылар, талантты жастар үшін тамаша алаң, онда біз заманауи поэзия мен әдебиеттің жаңа бағыттарын талқылай аламыз, жас авторлардың әлеуметтік мәселелерін көтере аламыз. Іс-шараны жастар

шығармашылығын қолдау және оған жаңа серпін беру деп санаймыз, – дейді Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы Жанат Жанқашұлы.

Фестивальда Ұлықбек Есдәулет, Серік Ақсұңқарұлы, Сұраған Рахмет, Қасымхан Бегман, Светкалі Нұржан, Гүлнәр Салықбай, Маралтай Райымбек, Онайгүл Тұржан, Жанат Әсербек және басқа да елге танымал ақындар бас қосты.

– Қарағандының ақындарына алғысым шексіз. Екінші жыл қатарынан қаламгерлердің басын қосып отыр. Осындағы филиалдың директоры, ақын Жанат Жанқашұлының еңбегін ерекше атап өткіміз келеді. Фестивальда бүгінгі қазақ поэзиясының біршама мәселесі көтеріледі. Мұндай шара ақындарға ауадай қажет. Одақ төрағасы Мереке Құлқеновтың ыстық сөлемін қабыл алыңыздар, – делі Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ
Қарағанды облысы

ТАҒЫЛЫМ МЕКТЕБІНДЕГІ МЕРЕКЕ

Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінде Халықаралық музейлер күніне орай өткен түнгі іс-шарада келушілер назарына тосынсыз ретінде ғұлама жәдігерлері ұсынылды.



Оның ішінде ағартушының 2021 жылы табылып, қалпына келтірілген домбырасы, 1912 жылы жарық көрген «Әліб-біі» оқу құралы және 1998 жылы ғалымның 125 жылдығында берілген белгілі пианист Жанар Сүлейманованың концерттік афишасы бар.

Тағылым мектебінде өткен іс-шараға Алматының нәсерлеткен ақ жауынына қарамастан, 700-ден аса адам келіп, түнгі музейді тамашалады. Іс-шара барысында Ахмет Байтұрсынұлының Орынбордағы өмір кезеңінен көрініс қойылды. Атап айтсақ, Ахмет пен Бадрисафаның балалары Аумат пен Шолпанға дөн-

гелек үстел басында кітап оқуға баулып отырғаны қамтылды.

Бұл көрініс келушілердің көңіл кілтіне қозғау салып, Ахмет пен Бадрисафаға сауал жолдап, ұл-қыздың ағартушы өлеңдерін тарихи оқиғаның куәсі болды. Тарихи көріністі жадына сақтағысы келген жұртшылық кезек кейіпкерлерімен естелікке суретке түсті.

Іс-шара қонағы Ахмет Байтұрсынұлының немере інісі Аманжол Шайменденұлы көңілі толқып, жастарға ақ батасын берді.

Нұрайлым
СЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ,
Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің қызметкері



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПАШАЕР:
Абдал АЛПЫСБайұлы –
Ақмола облысы
Алғабай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАЛАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖААҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баши ЖАНУЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Коспирондар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БОЛМ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БОЛМ:
8(7171) 804-61-32
postpika.a@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4449
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сметі көшесі 30,
т.а.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
т.а.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,